

#КүшімізБірлікте

Ең бастысы –
еліміздің егемендігі!
Шын мәнінде, біз үшін
Қазақстанның
тәуелсіздігі бәрінен
қымбат.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС



АЛМАТЫ
АГЛОМЕРАЦИЯСЫ
Қала мен облыс
одағы қажет

2

«IT FEST 2022»



КРЕАТИВТІ
ИДЕЯЛАР АЛАҢЫ

3

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 18 сәуірдегі мәлімет
бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 099 074

II компонентпен
1 079 041

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 18 сәуірдегі
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **9 473 336** адам,
II компонентпен **9 217 525** адам
вакцина салдырды.
Ревакциналандығандар саны –
3 689 135

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

19.04.2022

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с**

20.04.2022

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.



**Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №41 (6176) 19 сәуір, сейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

28 МИЛЛИОН АҚШ ДОЛЛАРЫ БҰҒАТТАЛДЫ

Қаржыны Қазақстаннан тыс жерлерге заңсыз жылыстатуға қарсы жұмыстар жүргізілуде



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановты қабылдады. Бұл туралы Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлады.

Президентке Қаржылық мониторинг агенттігінің биылғы бірінші тоқсанда атқарған жұмыстарының нәтижелері туралы

баяндалды. Атап айтқанда, 552 қылмыстық іс қозғалған. Олардың жартысынан көбі – ауыр және аса ауыр қылмыстар. Ұйымдасқан қылмыстық топ құру фактілері бойынша 14 іске қатысты сотқа дейінгі тергеу амалдары басталған. Мемлекетке 62 миллиард теңге көлемінде шығын келтірілген.

2

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

САПА БАҚЫЛАУДА

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың төрағалығымен шаһардың жол инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Кеңеске мердігерлік ұйымдар басшылары, ғылыми мекемелер мен техникалық қадағалау мамандары, жол құрылысы материалдарын жеткізушілер қатысты.

2

ҚЫСҚА...

- Елімізде 33 мыңнан астам студент жатақханамен қамтылады.
- Өткен жылмен салыстырғанда некеге тұрғандар саны 8,9%-ға артқан.
- Алматы прокуратурасы алаяқтардың көбейіп кеткенін ескертті.
- Қалалық Төтенше жағдай департаментінің мәліметінше, тау бөктерлеріндегі мұздықтар еріп жатқан жоқ.
- Қазақстандықтар саны 243 мың адамға көбейді.
- Мегалополисте 3 мың бала тегін лагерьде демалады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

28 МИЛЛИОН
АҚШ ДОЛЛАРЫ БҰҒАТТАДЫҚаржыны Қазақстаннан тыс жерлерге заңсыз
жылыстатуға қарсы жұмыстар жүргізілуде

(Басы 1-бетте)

Жанат Элимановтың айтуынша, 2021-2023 жылдарға арналған Кешенді жоспар аясында көлеңкелі экономиканың деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылданып жатыр. Кеден саласында 34 қылмыстық іс қозғалды. Декларацияға енгізілмеген тауарлардың жалпы құны 10 миллиард теңгеден асады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа мұнай өндеу зауыттарын жаңғыртуға бөлінген 20,5 миллиард теңге қаржыны жымқыру фактілеріне қатысты қылмыстық істер бойынша тергеу жүргізіліп жатқаны туралы мәлімет берілді.

Агенттік төрағасының айтуынша, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге ерекше көңіл бөлінеді. «Тариф» жобасы аясында коммуналдық қызметтер саласындағы тарифтердің негізсіз өсу деректерін анықтау және монополиялардан арылту жұмыстары жалғасуда.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

АЛМАТЫ
АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

Қала мен облыс одағы қажет

Қала мен облыстың
қоғамдық кеңестерінің
қатысушылары Алматы
агломерациясын құрудың
өзекті мәселелерін көтерді.Динара
МҰРАТ

Алматы агломерациясын дамытуға байланысты мәселелер әртүрлі деңгейлерде бірнеше рет талқыланды. Бұл жолы қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері кезекті кездесуді көкейкесті тақырыпқа арнап, оған қашықтықтан бейнебайланыс арқылы Алматы облысынан әріптестері қосылды.

– Тақырып қала үшін де, облыс үшін де өте өзекті әрі маңызды. Екі аумақ бір-бірімен біте қайнасып жатыр. Бұл мәселелерді әртүрлі жиындарда бірнеше рет көтерген болатынбыз, енді оның шешімін шығаратын уақыт келді, – деді Алматы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Рахман Алшанов.

Қатысушылар қала мен облыс арасындағы көлік қатынасына, азық-түлік одағына, экологиялық жағдайға қатысты бірқатар маңызды мәселелерді талқылады.

– Қала мен облыс арасындағы көлік қатынасы мәселелері бірнеше жылдан бері талқыланып келеді, алайда өзектілігін әлі күнге дейін жойған жоқ. Өкінішке қарай, бүгінде Алматы облысында мегаполиспен ешқандай байланысы жоқ аудандар жетерлік, – дейді Қоғамдық кеңестің мүшесі Борис Жапаров.

Сәулетші және урбанист Аян Зикирин талқылауға тұрарлық өте қызықты ұсыныс білдірді. Оның идеясы «Алматы І» және «Алматы ІІ» вокзалдарын метро желісінің көмегімен біріктіруден тұрады. Бұл шын мәнінде Алматы агломерациясын құру үшін өте тиімді болуы мүмкін. Облыс тұрғындары қалаға көліктермен кіріп, оларды жақын жердегі тұраққа қалдырып, содан кейін қоғамдық көліктерге ауыса алады. Нәтижесінде біздің метроға деген сұраныс артып, экология мәселесі шешілмек.

Аян Зикириннің ұсынысын кеңестің тағы бір қатысушысы Сергей Пономарев те құптай түсті.

– Бүгінде Алматы көшелері автокөліктер-


Маңғыстау облысында сұйытылған газды сату кезіндегі алып-сату белгілері бойынша Энергетика министрлігінің, облыс әкімдігінің лауазымды тұлғаларына және электронды сауда алаңдарына қатысты іс тергеп-тексерілуде.

Президенттің тапсырмасы аясында қаржыны Қазақстаннан тыс жерлерге заңсыз жылыстатуға қарсы жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде 7 қылмыстық іс тергеліп жатыр және 28 миллион АҚШ доллары бұғатталған.

Мемлекет басшысы Агенттіктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және көлеңкелі экономиканың деңгейін төмендетуге қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарының маңызды екенін ерекше атап өтіп, Жанат Элимановқа бизнеске қатысты жүргізіліп жатқан барлық қылмыстық істі тергеп-тексеру кезінде заңдылықтың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуді тапсырды. Президенттің пікірінше, құқық қорғау және бақылаушы органдар кәсіпкерлердің өтініштеріне жедел назар аударуға және олардың құқығын шектемеуге тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан ерекше қолдау қажет екенін айтты және бұл жерде Қаржылық мониторинг агенттігі маңызды рөл атқарады деп санайды. Құқық қорғау және бақылаушы органдардың ортақ міндеті – экономикамыздың орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін елімізде қолайлы бизнес-орта қалыптастыруға атсалысу.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

#ЖОЛДАУ2022



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Бабаларымыз ел тағдырын айқындайтын тарихи шешімдерді бүкіл халық болып ақылдасып, бірге қабылдаған. Келелі жиында айтылған кесімді сөзге алты Алаштың баласы түгел тоқтаған. Біз бірліктің бастауы болған осы дала демократиясының дәстүрін жаңғыртуымыз керек».

(Мемлекет басшысының
Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

САПА БАҚЫЛАУДА

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың
төрағалығымен шаһардың жол инфрақұрылымын
дамыту мәселелері жөнінде кеңес өттіАқтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

(Басы 1-бетте)

Іс-шарада жол инфрақұрылымын дамытудың 2022 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есеп тыңдалды. Жоспарда жолайрықтар салу, көшелерді ұзарту, жол салу, орташа және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ жол қозғалысын ұйымдастыру мәселелері қаралған.

Бүгінде қала жолдарында өндірілетін жұмыс технологиясын сақтау және жол-құрылыс материалдарының сапасы бойынша проблемалар жетерлік. Пайдаланылатын материалдар қозғалыстың интенсивтілігіне байланысты жолға түсетін жүктемелері өсуіне төтеп бере алмайды, бұған көшелердегі тұрақты ақаулар, қолдану кезіндегі жолтабан, жарықтар дәлел бола алады.

Алматы қаласы бойынша Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығының деректері бойынша өткен жылы 1100 инспекциялық жол жүрудің қорытындысы бойынша жол-құрылыс материалдарының 3 мыңға жуық сынамасы іріктеліп, сыналды. Нәтижесінде 800 сынаманың (немесе 27%) нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтіні анықталды, жұмыс жүргізу технологияларының бұзылатыны тіркелді. Қала басшысы мердігерлік ұйымдарға кепілдік міндеттемелер аясында жасалған бұзушылықтарды өз қаражаты есебінен толық көлемде және бекітілген мерзімде жоюды тапсырды. Бұдан басқа, жол активтері сапасының ұлттық орталығына орындалатын жұмыстар мен жол-құрылыс материалдарының сапасын бақылау үшін іс-шараларды ұлғайту тапсырылды. Егер бұрын бақылау аймағына тек магистральдық жолдар енетін болса, енді екінші деңгейлі, квартал ішіндегі және үйлер арасындағы жолдар да бағаланады. Әкім қажет болған жағдайда мұндай бақылау іс-шараларын қаржыландыруды ұлғайтуды қарастыруға дайын екенін растады.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының әкімі нарықтың талаптарына сай барлық ұсыныстарды пысықтауды, сондай-ақ ағымдағы жылдың 16 мамырына дейін құрылыс жұмыстарының сапасын арттыру үшін стандарттар мен әдістерді жетілдіру бойынша нақты шешімдерді ұсынуды тапсырды.

Қала басшысы әлемде белсенді қолданылып жүрген озық технологиялар мен заманауи материалдарға, мысалы, полимер негізіндегі битумды пайдалануға көшу мүмкіндігін қарастыруды тапсырды.

Шаһар басшысы Ерболат Досаев сыртқы түрі тозған әрі техникалық жағдайы қанағаттанғысыз жол белгілері мен конструкцияларының жағдайын сынады. Көшелерде тот басқан және өңсіз тіректер, жол қоршауының қираған құрылымдарын атап өтті. «Жіп сырлау практикасы тиімсіз және қымбат – мұндай тәсілдерді түбегейлі өзгерту қажет. Мердігерге қазіргі заманғы берік материалдарға, мырышталған металл бұйымдарға көшу тапсырылу қажет», – деді ол. Қала басшысы сондай-ақ, ескірген бағдаршам нысандарын жаңғыртудың екінші кезеңін іске асыру бойынша жұмыстарды жеделдетуді талап етті.

Бүгінде Алматының көше-жол желісінің ұзындығы 3096 шақырымды құрайды, оның 234 шақырымының қатты жабыны жоқ. Жаксы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесінің көрсеткішін 95%-ға дейін жақсарту үшін 2025 жылға қарай 290 шақырым жаңа жол салу, жыл сайын ұзындығы кемінде 200 шақырым жолдарға орташа жөндеу және 350 мың шаршы метрден астам асфальтбетон жабынына ағымдағы жөндеу жүргізу жоспарлануда.



ЗЕРДЕ

ЕСКЕРТКІШ – ТАРИХ КУӘСІ

«Өткен күндерді еске алайық...» атты іс-шара басталды

18 сәуір – Халықаралық тарихи орындар мен ескерткіштер күні. Атаулы күнді 1982 жылы ЮНЕСКО жанынан құрылған Халықаралық ескерткіштер мен көрнекі орындарды қорғау мәселелері жөніндегі кеңес ассамблеясы бекіткен.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Аталмыш мерекеге орай Алмалы ауданы аумағындағы ескерткіштер мен тарихи орындар маңында жазушылар, журналистер, қоғам қайраткерлері, ЖОО студенттері, аудан мектептерінің оқушыларының қатысуымен «Есте сақтаймыз, құрметтейміз» және «Өткен күндерді еске алайық...» атты іс-шара бастау алды.

Сонымен қатар, ауданда Ардагерлер кеңесі мен мектептерінің ұйымдастыруымен ескерткіштерге гүл шоқтарын қою, әдеби-көркем оқулары мен шығармаларын оқу, өмірбаяны мен қызмет жолы деректеріне шолу, викториналық сұрақ-жауап сынды іс-шаралар Мұхтар Әуезов, Ә.Молдағұлова және М.Мәметова ескерткіштерінің алдында және басқа да аудан ма-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ңында орналасқан тарихымыздың әртүрлі кезеңдерінен сақталған тарихи-мәдени ескерткіш-бюсттері мен орындарында өткізілді.

Жалпы, Алмалы ауданы аумағына қа-

расты жерде 54 тарихи-мәдени ескерткіштер орналасқан. Оның ішінде 12 ескерткіш республикалық маңызы бар нысан қатарына енсе, қалған 42 ескерткіш қалалық маңызы бар ескерткіштер тізімінде.

«IT FEST 2022»

КРЕАТИВТІ ИДЕЯЛАР АЛАҢЫ

Өз жобаларыңызды ұсынуға, жүзеге асыруға және қаржылық қолдау алуға берілген керемет мүмкіндік!

Кеше Алматыда Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің (ХАТУ) ауқымды IT FEST 2022 фестивалі ашылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылып отырған бұл шараға негізінен студенттер мен жас ғалымдар қатысады. Еліміз бойынша бастауын сонау 2011 жылдан алатын бұл байқауда бақ сынауға биыл мектеп оқушылары, сонымен қатар, жоғарғы технологияға қызығушылық танытатын қала тұрғындары да жұмылып отыр.

Фестиваль бағдарламасы ақпараттық технологиялар, киберқауіпсіздік, дизайн және анимация, кино және бейнетүсірілім, дайын шешімдер мен киберспорт сияқты салалардағы ірі іс-шаралар мен кездесулерді қамтиды. Бұл – IT саласындағы жаңа нәрселерді үйренуге, пікірлестер мен серіктестер табуға ғана бағытталып қоймай, сонымен қатар, өз идеяларыңыз бен жобаларыңызды ұсынуға, ең бастысы, оларды жүзеге асыру үшін қаржылық қолдау алуға берілген керемет мүмкіндік. Фестивальдің жалпы жұлде қоры – 6 миллион теңге.

«IT FEST 2022» – креативті және шығармашылық алаң, жетекші IT-компаниялардың өкілдерімен және сарапшыларымен кездесулер, жоғары білікті мамандардың кеңестері, шеберлік сабақтары мен таныстырылымдар, команда құрудың немесе қызықты жобаға қосылудың нақты мүмкіндіктері. Қызықты жобаларды ұсынған фестивальдің ең бастамашыл және белсенді қатысушылары ХАТУ-да білім алуға жеңілдіктер, гранттар және арнайы сертификаттар ала алады.

Төрт күнге созылатын фестивальдің беташары Алматыдағы Республикалық физика-математика мектебінде өтті. Фестивальге қатысушылар ақпараттық технологиялар, киберқауіпсіздік, дизайн, анимация, кино, видео, дайын шешімдер мен киберспорт салалары бойынша өз мүмкіншіліктерін көрсетіп қана қоймай, өзіндік озық іс-тәжірибелерін де ортаға салуды жоспарлап отыр. Аталмыш фестивальдің өзіндік ерекшеліктерімен қатар, пайдалы тұстары да жетерлік. Мәселен,

шараға қатысушылардың IT саласындағы таңдаулы, ұтымды да ұтқыр тың жобалары мен идеяларына қажетті қолдау көрсетілетін болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, оларды іс жүзіне асыруға қаржылық көмек көрсетілетін.

Фестивальдің салтанатты ашылуында Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің ректоры Асқар Хикметов сөз алды.

– Алғаш рет 2011 жылы фестиваль HackDay деген атпен өтіп, оған 400 адам ғана қатысса, келесі жылы қатысушылар саны үш мыңға жеткен еді. Мұның өзі бұл салаға деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Байқауды Қызылорда қаласында да өткізіп қайтқан едік. Сонымен қатар, біз карантин кезінде де байқауды тоқтатпай, онлайн түрде өткіздік. Дәл қазір елімізде роботтық техниканы дамытуды жан-жақты қолға алып жатыр. Бұл ретте Білім министрлігі роботтық техниканы бастауыш сыныптан бастап оқу бағдарламасына енгізуді көздеп отырғаны, бұл саланың тамырына қан жүгіре бастағанын көрсетсе керек. Қазіргі таңда көптеген жоғары оқу орындары осы саланың арнайы мамандарын дайындай бастады. Мұның өзі жұмыстың жүйелі түрде қолға алынғанын көрсетеді. Биылғы жылы секциялар қатары көбейіп, форматы өзгерді.



Тіпті, байқау тәулік бойы жалғасады. Фестивальдің жалпы жұлде қоры 6 миллион теңгені құрайды. Сөз соңында айтарым, фестивальдің ең белсенді қатысушыларына біздің университетімізде білім алуға оқу жеңілдіктерін, арнайы грант пен сертификаттарды жеңіп алуларына болады, – деді Асқар Құсұпбекұлы.

Фестиваль аясында роботтық техника бойынша жұлде қоры 1 миллион теңгені құрайтын «ITU ROBOCON 2022» респуб-

ликалық олимпиадасы өткізіледі. Роботтық техника чемпионаты Vex платформасы негізінде студенттер мен мектеп командалары арасында өткізіледі.

Бұл олимпиада – дарынды жастарды қолдауға және оларды роботтық техника және инновациялық технологиялар саласына тартуға бағытталған шара.

Ж.СЕЙТЖАНОВА,
ХАТУ-дың ассистент-профессоры.





МИБ

Тұрғын үй саясаты басқармасы қала тұрғындарына МИБ және ЖС-ға көшу алгоритмдері және тұрғын үй-коммуналдық қатынастар саласындағы басқа да мәселелер бойынша ашық есік күнін өткізді.

Онда қала тұрғындары арнайы мамандармен кездесіп, өздерін толғандырған сұрақтарына жауап алды. Басты мақсаты басқарудың жаңа формасының артықшылықтарын азаматтарға түсіндіру болып табылатын іс-шараға 150-ге жуық алматылық қатысты.



Тұрғын үй саясаты басқармасы басшысының орынбасары **Нұрбол ҚАЖИННІ**ң айтуынша, Алматыда 8 мың 600-ден астам үй бар. Соның 7 мың 517-сі басқарудың жаңа формасына көшуі керек. Бұл іс-шара басқарманың бастамасымен 3-ші рет өткізіліп отыр.

«Іс-шараның арқасында 150-ден астам қала тұрғыны арнайы мамандардан кеңес алды. Бірақ, пәтер иелері МИБ құру жөніндегі мәселелер бойынша Қазақстанның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және дамыту орталығынан тегін кеңес беретін арнайы мобильді қосымшаның барын білмейді», – дейді ұйымдастырушылар.

«Халыққа тиімді болсын, өздеріне қажетті ақпаратты бір жерде отырып алысын деген мақсатпен қалада қандай басқарма бар, солардың барлығын шақырдық. Түсініктеме жұмысын жүргіздік. Нәтижесі жаман емес...», – дейді Тұрғын үй саясаты басқармасының бас маманы Дастан Маусымбаев.

Естеріңізге сала кетейік, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруа-

ПИК ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

Олардың орнын мүлік иелері бірлестіктері (МИБ) немесе жай серіктестіктер (ЖС) басады



шылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес, пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері тұрғын үйге қатысты Заңның күшіне енген күнінен бастап бір жыл ішінде көппәтерлі тұрғын үй кеңесін сайлау және кондоминиумды басқарудың жаңа нысанын тандау туралы шешім қабылдау үшін пәтерлердің, көппәтерлі тұрғын үйлердің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелерінің жиналысын өткізуі тиіс болатын.

Алматыда 1 шілдеге дейін пәтер иелері кооперативтері толығымен жұмысын тоқтатады. Осыған орай, қолданыстағы басқару органдары 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін үйге арналған

барлық қолда бар құжаттаманы МИБ төрағасына немесе ЖС-тің уәкілетті өкіліне беруге міндеттелген.

«Меншік иелері үшін МИБ немесе ЖС таңдау, ең алдымен, өз үйін басқару және шығындарды оңтайландыру мүмкіндігі болып табылады. Сонымен қатар, меншік иелері басқару органының қаржылық-шаруашылық қызметінің ашықтығының жоқтығына жиі шағымданады. «Бір үй – бір шот – бір меншік иелерінің бірлестігі» – бұл меншік иелеріне ақша қаражатының қозғалысын және олардың мақсатты пайдаланылуын бақылауға мүмкіндік беретін қағида», – деп түсіндірді Тұрғын үй саясаты басқармасының өкілдері.

СУБСИДИЯ

БАСПАНА – БАСТЫ ҚАЖЕТТІЛІК

Жалға берілетін тұрғын үйді субсидиялауға өтінім қабылдау басталды

«Отбасы банкінде» жалға берілетін тұрғын үйді субсидиялауға өтінім қабылдайтын платформа іске қосылды. Субсидиялау бағдарламасының 17 000 қатысушысы «Отбасы банк» АҚ-нан өтінім беру процесін тестілеуге қатысу туралы SMS-шақырту алды.



Сәуір айының ішінде олар онлайн-режимде өтінім тапсырып, банк мақұлдауын алулары қажет. Оны otbasybank.kz порталында («Баспана маркет» маркетплейсі) «Жалға алу ақысын субсидиялау» бөлімінде жасау керек. Өтінімдер қабылданатын және өңделетін сандық платформа – бірегей, оның Қазақстанда баламасы жоқ. Алғашқы өтінімдер жолданған кезде қателіктер болуы мүмкін, оларды IT мамандар тез арада жойып отыратын болады.

«Отбасы банк» бұл жағдайларға түсіністікпен қарауды сұрайды. Жалдау ақысын субсидиялау бағдарламасының шарттарына сәйкес келетін барлық қазақстандықтар мамыр айында otbasybank.kz платформасында өтінім бере алады. Естеріңізге сала кетейік, жалдау төлемдері бойынша мемлекеттік қолдауға төрт санат бойынша кезекте тұрған қазақстандықтар өтініш бере алады: – 1 және 2-топтағы мүгедектер; – мүмкіндігі шектеулі балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар; – жетім және ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар; – көпбалалы отбасылар. Жалдау ақысын субсидиялауға үміткерлер қатарындағы отбасылардың соңғы 6 айдағы орташа жиынтық табысы отбасының әрбір мүшесіне шаққанда 1 ең төменгі күнкөріс деңгейінен (1 КМ = 36 018 теңге 01.01.2022 ж. жағдай бойынша) аспауы тиіс. – 2022 жылы азаматтарымызды қолдауға 50 млрд теңге қарастырылған. Оның 40 млрд теңгесін республикалық бюджеттен алу көзделсе, 10 млрд теңгесін жергілікті әкімдіктер бөледі. Бюджеттен қаржыландыру мамыр айында күтілуде. Жаңа бағдарлама шамамен 70 000 адамды қамтымақ, олар жалдау ақысының 50%-ын алады. Қазақстандықтар қысқа мерзімде, кезексіз өтінім берулері үшін біз бүкіл процесті онлайн-режиміне аудардық», – деп түсіндірді «Отбасы банк» АҚ Басқарма төрайымы Ләззат ИБРАГИМОВА.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



ӘДЕМІ СУРЕТ қала келбетіне сән береді

Қала көшелеріндегі үйлердің қабырғасынан әсем де өрнекті картиналарды жиі байқауға болады. Солардың бірі – қолына бүркіт қондырған ұлттық киімдегі қазақ қызы. Назарбаев даңғылы мен Ганди көшелерінің қиылысындағы ғимараттың сыртында пайда болған бұл көрініс ұлттық құндылықтарымызды дәріптейді.

Жобаны Reras суретшілер тобы мен басқа қалалардан келген бір топ иллюстраторлар жүзеге асырған. Стрит-арт шеберлерінің басын қосатын танымал топ өкілі **Дмитрий DMN**-нің айтуынша, идеяны банктердің бірі ұсынып, тапсырыс берген.

Суретте жобаға қатысушылардың барлығының қолтаңбасы бар. Әркім тақырыпты өз бетінше ашуға тырысып, бірі қазақ

қызының сұлулығын бейнелесе, екіншісі құстармен ашық пейзаждар салған. Бір сөзбен айтқанда, әркім өз қиялын жүзеге асырған. Жаңа өнер туындысы қала ландшафтына өте жақсы сәйкес келіп тұр. Жалпы, стрит-арт өнері – адамдарға ой салу мақсатында салынады. Қала тұрғындарының ішкі мәдениеті мен рухани деңгейін көтеруде де маңызы зор. Ендеше, Алматының ажарын аша түсетін әдемі суреттер қала көшелерінде көбірек салына берсе дейміз.

«Кенепке салынған сурет музейде, жеке адамның үйінде тұруы мүмкін. Арнайы барып көрмесе, ол сол күйі тұра береді. Ал далада салынған суретті ары-бері өткен жұрттың барлығы көреді. Мұндай туындылар көпшілікке ой салады, көңіліне жылылық ұялатады», – дейді суретшілер.

#АҒАШТАРДЫАЯЛАЙЫҚ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ КҮТІМ Алматыда биологиялық өңдеу басталды

«Алматының жасыл желегін биологиялық өңдеу жұмысына пайдаланылатын препараттың өзіндік иісі бар. Бірақ олардың адамдарға еш зияны жоқ». Алдағы жүргізілетін биологиялық өңдеу жұмыстары туралы Жасыл экономика басқармасы осылай дейді.

Жасыл экономика басқармасының мердігер ұйымдары қаланың барлық аудандарындағы ағаштарды зиянкестерден сақтау үшін биологиялық өңдеу жұмыстарының бірінші кезеңін бастайды. Тиімділікті арттыру үшін жұмыстар түнгі уақытта сағат 23.00 мен 06.00 аралығында жүргізіледі. Аталған уақыт мұндай жұмыстар үшін қолайлы болып саналады. Себебі, күн сәулесі дәрілік заттың зиянкестерге әсерін төмендетеді.

Өңдеуге ҚР аумағында қолдануға рұқсат етілген қауіптіліктің төменгі санатындағы биологиялық препарат қолданылады. Өзіндік иісі бар. Бірақ ол қоршаған ортаға, адамдарға, үй жануарлары мен өзге де тірі ағзаларға еш зияны жоқ. «Бірінші кезең жұмыстары қала бойынша бір ай бойы жүргізіледі. Келесі үш кезең маусым, шілде, тамыз айларында өткізіледі. Аулалар, саябақтар мен көше бойындағы барлық жасыл желекті өңдеу жоспарда бар. Осы орайда, қала тұрғындары мен қонақтарын түсіністік танытып, мамандардың жұмысына кедергі келтірмеулерін сұраймыз», – деп хабарлады басқармадан.

Бетгі әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



● #ЖОЛДАУ2022

МАҚСАТ – АЙҚЫН, ҮМІТ – ЗОР



Алматы қаласы, Әуезов ауданы, №202 мектеп-гимназияда 28 наурыз күні Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 16 наурызда Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдаған Жолдауын талқылауға арналған жиын болып өтті.

Жиынды мектеп-гимназия директоры Болат Жанайхан ашып берді. «Жаңа Қазақстан» ұғымын идеологиялық парадигма ретінде алсақ, біздің мектепте бұл концепцияның алтын дінгегі болу талап етіледі және сапалы білім беру – әр мұғалімге жүктеліп отырған міндет. Сондықтан Мемлекет басшысының «Жауапты мемлекет – жауапты қоғам – жауапты адам» жүйесі берік орнығуы керек деген сөзін қолдайтынын айтты.

Баяндамашы тарих пәнінің мұғалімі Айгүл Сарбасова: «Мемлекет басшысы осы Жолдау арқылы дағдарыспен күресудегі жаңаша

бастамалар қарастырылып жатқанын мәлімдеді. Президенттің бұл ұсыныстарының іске асуы үшін, ең бастысы, әр адам өзін өзгертуі керек. Әр Қазақстан азаматының белсенділігі, ұлттық мүдде жолында ауызбіршілік танытуы керек. Барлығымыз жаңа Қазақстанды құруға белсенділік көрсету – болашақ алдындағы парызымыз деп білейік. Президенттің «Ең бастысы – еліміздің егемендігі, тәуелсіздігіміз бәрінен қымбат. Маған, ең алдымен, елімнің амандығы мен жерімнің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ» деген сөзі еліміздің әрбір патриотының жүрегін елжіретіні сөзсіз. Елдігімізді сақтап, елімізді өркендету жолындағы Президентіміздің бүгінгі Жолдауын толықтай қолдаймыз. Мемлекет басшысы айтқандай, ел-жұрт болып жаңа Қазақстанды құру жолында аянбай еңбек етейік. Сондықтан білімі терең, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін мұғалімдерге зор жауапкершілік жүктеледі. Біздің бүгінгі оқушыларымыз – Қазақстанның жарқын болашағы», – деп Жолдаудың 7 бағыты бойынша талдау жасап, түсіндіріп өтті.

Мұғалімдер Жолдауды ерекше ықыласпен қабылдады, өз ойларымен бөлісті, бірауыздан қолдау білдірді.

Жарыс сөзге қатысқан Қ.Шамшиденқызы Президенттің білім беру саласына білімді де білікті маман керек болса, алдымен олардың еңбекақылары көтерілуі қажет деген пікірлері көңіл қуантаындығын айтып өтті. М.Қамзина «Жолдау бәрінен бұрын қарапайым азаматтардың мүддесін көздейтіні қуантады» десе, Мемлекет басшысының тапсырмаларын жоғары деңгейде жүзеге асыруға бар күшімізді салатын боламыз, бізге зор ықпал тигізетініне сенеміз», – деді Г.Жұмабаева.

Қорыта айтқанда, ертеңге деген үміт пен сенім ұялататын Жолдау – бәрімізге елеулі міндет жүктеп отыр. Жаңалығы мол Жолдау жаңа Қазақстанның дамуына кең жол ашады деп ойлаймын.

Марфуға ҚАМЗИНА.

● ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

«БАЗАРЫНА ҚАРАЙ САУДАСЫ»

Алматылықтар «барахолка» атап кеткен нарық әлемінде жұмыс істеп тұрған 52 базардың 28-і жаңғыртудан өткен

«Базарына қарай саудасы», «Сауда әділ болмаса – нарық бұзылады» деген тәмілдер бар халық арасында. Барахолка деген атпен көпке танымал стихиялы базарларды заманауи сауда орындарына айналдыру, тұрғындарға нарық әлемінде неғұрлым жайлы жағдай жасау – бүгінгі күннің маңызды талабы болып отыр.



Динара
МҰРАТ

Осы мақсатта биыл 16 базарда жаңғырту жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде 5 сауда орнында құрылыс-монтаж жұмыстары, 11 базар бойынша жобалау құжаттары қабылдануда. Жалпы инвестиция көлемі – шамамен 32 млрд теңгені құрап, 2000 жұмыс орнын ашуды көздейді. Осы жылы 4 базардың жаңғырту жұмыстарын аяқтау жоспарланған.

Базарларды жаңғырту бағдарламасы Алматы қаласының Бас жоспарын іске асыру аясында 2011 жылы басталды. Оған түрткі болған себеп – базарлардың көпшілігі «қызыл сызықта» орналасқан және жер пайдалану құқығы тоқтатылғанына қарамастан, жұмысын жалғастыра берген. Киім-кешек

сататын орындар өртке қарсы, санитарлық және басқа да нормаларға сәйкес келмеді. Одан бөлек, автотұрақтардың болмауы көлік иелерін жол бойында тұрақтауға мәжбүр етіп, нәтижесінде көлік кептелістері туындады. Жиырма жылдан астам жұмыстың нәтижесінде қазір Алматыда жұмыс істеп тұрған 52 базардың 28-і жаңғыртудан өткен. Шамамен 25,1 миллиард теңге құйылып, жұмыс орындары 3,5 мыңға ұлғайған.

Кәсіпкерлік пен инвестиция басқармасы сауда бөлімінің бас маманы Аида Аманжолқызы әкімдіктің базарларды жаңғырту бағдарламасына орай, өз сауда орнын жаңартатынын дегендерге әкімдік тарапынан қолдау көрсетілетінін жеткізді.

«Базарларды жаңғыртуға ниет білдірген кәсіпкерлерге әкімдік тарапынан көмек көрсетіледі. Біріншіден, «Qoldau» кәсіпкерлерді қолдау орталығы арқылы жобаларды

жүргізуге бастан-аяқ көмек көрсетіледі. Егер кәсіпкер қаржылық жағымнан қиналса, біз мемлекеттік қолдау бағдарламаларын ұсынамыз, яғни төмен пайызбен несие беріледі», – деді маман.

«Almaty aqshamy» газетінің тілшілері жаңғыртудан өтіп жатқан базарларды аралап, құрылыс жұмыстарының барысымен танысты. Ең алдымен, бұрын контейнерлер көп орналасқан базарлардың біріне жол тарттық. Қазір мұнда құрылыс жұмыстары қызу жүріп жатыр. Жыл соңына дейін нысан пайдалануға беріліп, нәтижесінде қосымша 1000 жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Базар басшылары айтқандай, олар «барахолка» деген түсініктен алшақтап, заманауи сауда үйін салуды көздейді. Сондықтан жақын арада контейнерлердің орнын әмбебап сауда кешені басады. Жаңғырту барысында модульдік конструкция қолданылуда. Қоршау құрылымы сэндвич панельдерден тұрады. Қазір шағырды жабу, қоршау конструкцияларын құру, инженерлік жүйелер мен ішкі әрлеу жұмыстары ғана қалды, яғни құрылыстың 50%-ы дайын. Жалпы мұнда киім-кешек, аяқкиім, тоқыма өнімдері сатылатын болады. Екінші қабатта балалар әлемі дүкенін, тамақ ішетін орындарды ашу қарастырылған. Оған қоса, 200-ге таяу көлікке арналған автотұрақ салынады. Қысқаша айтқанда, барлық талаптарға жауап беретін сауда үйі болмақ. Одан бөлек, жұмыс уақыты өзгертілмек, яғни түнгі 9-10-ға дейін ұзартылады. Мұндай сауда желілеріне сұраныс аз еместігі белгілі. Клиенттер талабы жоғары.

Тауарлардың бағасына келер болсақ, «жалға беру бағасы қымбаттағанымен, мұндағы баға қаладағыдан төмен болады» деп сендірді басшылар. Себебі, жақын жерде көтерме сауда орталықтары орналасқандықтан, логистика қысқарады. Оған қоса, сауда үйінің орналасу жері де қолайлы – қаланың төменгі аумағы. Ішінара жаңғыртудан өткен тағы бір базарда да жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңмен жүргізілуде.

Қала әкімдігі тарапынан ұсынылған базарларды жандандыру жобасына сәйкес, бұл базардың бір бөлігінде құрылыс жұмыстары 2019 жылы басталған екен. Жалпы жаңғырту жұмыстары 5 кезеңге жобаланған, қазір соның алғашқысы жүргізілуде. Алғашқы 5000 шаршы метр алаңның пайдалануға берілу мерзімі пандемия салдарынан кешігіңкіреп, тек 2021 жылы қолданысқа берілген екен. Қазір мұнда 92 кәсіпкер 200-ден астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Қазіргі таңда 180 контейнердің орнына екі қабатты ғимарат салынса, болашақта қалған 1600-ге жуық контейнер орнына 17 мың шаршы метрді құрайтын сауда нысаны салынбақ.

Ғимарат ішінде үйге керекті жабдықтар, тоқыма өнімдері, перделер сатылады. Ішінде қызметкерлер қолайлығы үшін барлық жағдай жасалған: жарық, жылу, су өткізілген. Ал екі қабаттың ортасында әр сауда орнына арнап, екі метрлік қоймалар салынған. Құрылыстың екінші кезеңінде қазір сыртта сауда жасап тұрған «тойбастар» қатарын көшіруге арнайы нысан салынбақ.

● ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

Сенім мен үміт ұялатты



Айжан
АСЫЛБЕКОВА,
ҚазҰУ-дің
география
факультетінің
орынбасары:

Барша Қазақстан халқы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын тыңдады. Университетіміздің Басқарма төрағасы – ректорымыз Ж.Қ.Түймебаевтың жетекшілігімен мәжіліс залында тікелей эфирден біз де тамашаладық.

Ел Президентінің биылғы Жолдауы мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңін, болашақ дамуы мен жүрер жолын айқындап берді деп ойлаймын. Президентіміз бірнеше бағытқа айқын басымдық беріп, осы бағыттар бойынша атқарушы билік өкілдеріне тапсырма берді. Жолдауда Президентіміз Конституциялық Сот құруды ұсынды. Бұл ұсыныс адам құқығы үшін маңызды.

Сондай-ақ, Семей аймағын Абай облысы, Жезқазған облысын Ұлытау атуына өзгерту, Алматы облысын екіге бөліп, Қапшағай қаласына Қонаев есімін беру бүгінгі Үндеудің маңызды тұсы болды. Бұл ұсынысқа барша Қазақ халқы қуанып отырғаны анық.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Маған елімнің амандығы мен жерімнің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ. Мені ең алдымен, халқымның болашағы қалай болатыны толғандырады», – деген сөздері елімнің патриоты ретінде маған ерекше әсер етті.

Президентіміздің халыққа Жолдауын «Қазақстан тек біздікі және бізден басқа ешкімнің жаны ашымайды. Мен бабалар аманатын орындап, елімді өркендетуге бар күш-жігерімді саламын. Ол жолда әрбір азамат өз үлесін қосу керек» деп қорытындылауы бізге жігер беріп, қазақ елінің азаматы ретінде әрбірімізге сенім мен үміт, жауапкершілік артылғанын білдіреді.

Жаңа Қазақстанды бірге құрайық, Отандастар!

Жаңашыл әрі халықшыл бағдар



Дүйсенғали
ОСПАНОВ,
«Үміт-Надежда»
қоғамдық
бірлестігінің
төрағасы:

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үндеулерінің бәрі халық пен билік арасында сенімді

диалог болу керек дегенге саяды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен министрлер өңірлерді аралап, бізбен, жұртшылықпен бетпе-бет сөйлесе бастады. Әкімдер де халықпен тұрақты кездесулер өткізіп жатыр. Бұның бәрі Жаңа Қазақстанның соны реформасы деп есептеймін.

Бұрын басшылар дәл бүгінгідей ашық болған жоқ. Елдің әлеуметтік ахуалына шын баға берілмей келді. Халықпен диалогтың жоқтығынан жыл басында өте қиын жағдайға түсіп қала жаздадық. Міне, осындай қауіпті болдырмау үшін билік әрқашан ашық болуға тиіс.

Жаңа Қазақстан реформаларының көрінісі саяси шешімдерден де көрініс тапты. Шыны керек, көбіміз бір-ақ партияны қолдаған едік. Ал ендігі уақытта басқа да саяси ұйымдарға, елшіл азаматтарға жол ашылатын болды. Мен бұған сенемін. Өйткені, қазірдің өзінде халық арасында беделді, абыройлы азаматтар билікке барып жатыр.

Жаңа Қазақстанды жаңашыл әрі халықшыл азаматтар дамытады. Бірақ жаңалық деп жүріп, жұртқа тиімсіз бағдарламалар қабылданып кетпеуі керек. Оған Президент жол бермейді деп сенемін.

Әзірлегендер
Досбол АТАЖАН,
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ



Таксист көп қой айналамызда. Бұрын темір тұлпар тізгіндеп, кәсіп еткен қыз-келіншектер бірен-саран ғана болатын. Қазір олардың да қатары көбейіп келеді.

Таксист болу әркімнің қолынан келе бермесі анық. Ол үшін біріншіден, көлігі күні-түні ерсілі-қарсылы ағылған алып мегаполисте кәсіби жүргізуші болуыңыз керек. Екіншіден, мінез-құлқы әртүрлі, дәл сол мезетте түрлі жағдайда тұрған сан мың адамды діндеген жеріне жеткізіп салу үшін төзім, сабыр ауадай қажет-ақ.

Біз біраз жылдан бері таксист болып, нәпақасын тауып жүрген Кұлайна Оразбекқызымен тілдестік. Бұл кәсіпке қалай келгенін, оған дейін немен айналысқанын сұрадық. Таксист замандасымыз жол үстінде кезіккен қызықты оқиғаларымен де бөлісті.

ТАКСИСТ



әйелдің бір аптасы

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

БІР ҚҰШАҚ АҚ РАУШАН

ДҮЙСЕНБІ.

— Анамыздан ерте айырылды, — деп бастады жолаушы апай әңгімесін. Қолында бір құшақ ақ раушан гүлі бар. — Қарағандыдан келдім. Бес ағайындымыз. Ең үлкен апайымыздың үйіне бара жатырмын. Бессеуміз бес қалада тұрамыз. Мерекемен қоса, бүгін туған күні. 75-ке толып жатыр. Жылда алтын сырға, сақина, білезік сыйлайтынбыз. Бұл жолы арнайы, алтын жіптермен өрнектелген қазақша шапанға тапсырыс бердік. Қазір соны сыйлаймыз. Апамыз біз үшін не көрмеді?! Оқытты, тоқытты. Інілерін үйлендіріп, қыздарды ұзатты. Талай тығырықтан алып шықты. Үш жұмысты қатар істейтін. Сол еңбегін бағалап, жылда осы мерекеді үйіне жиналамыз. Бір сіндім Қызылордадан, кіші сіндім Жезқазғаннан келе жатыр.

«Анадай болған әпкелер жасасын!», — дедім іштей жолаушы апайдың әңгімесіне тебіреніп кетіп.

Масаңдау адам отырды. Кәдімгідей қорықтым. Бірақ оның өзі «Яндекстің» таксисі болып шықты. Достарымен демалған екен. Жол-жөнекей таксидің қыр-сырын айтып, мен білмейтін көп нәрсеге көзімді ашты.

БІЗДІҢ ЖІГІТТЕР!

СЕЙСЕНБІ.

— Әл-Фараби даңғылының ортасында тоқтап қалмасым бар ма! Айналам жүйткіген көлікке толы. Жанымнан өтіп бара жатқан бала:

— Тәте, көмек керек пе? — деп тоқтады да, өзінде қажет құрал-саймандар болмаған соң тағы бір машинаны тоқтатты. «Алматыжарық» компаниясының баласы лезде тоқтады. Екеуі жабылып «Carsyti»-ге жеткізіп, машина жөнделгенше жанымда жүрді. Азаматтығы мол адал балалар ақы да сұраған жоқ. Сонда да қолдарың құры болмасын деп азынаулақ ақы төледім. Аман жүрсін қазақтың жігіттері!

СҰЛУЛЫҚ САЛОНЫНДА

СӘРСЕНБІ.

— Маникюр жасата қояйын деп Бесағаштың (Алматы түбіндегі ауыл) бір сұлулық салонына кіргем ғой. Мастер жоқ екен. Салонның басшысы дереу қызметкеріне хабарласып еді, үйінен енді шығып жатыр екен.

«Үйінен енді ғана шығып жатса қашан жетеді?! Одан да жұмысыма кете берейін», — деп «Яндексті» қосқаным сол еді, «дыдыңң» деп тыпсырыс түсті. Навигатор көрсеткен мекенжайдан жап-жас қыз шықты да:

— Тәте, тезірек бола ма, жұмысқа кешіктім, клиент күтіп отыр, — деді. Ондайда құдай береді ғой, газды басып келе жатсам, навигатор әлгінде өзім кірген сұлулық салонына алып келмесі бар ма! Сөйтсем, маникюр жасайтын мастер осы қыз екен.

— Қызым-ау, сені күткен клиент мен ғой. Қой, ақыры келген соң маникюрімді жасатып алайын, — деп сұлулық салонына қайта кірдім. Сөйтіп, өзіме қызмет көрсететін шеберді өзім алып келгенім бар.



ДОМБЫРА АСЫҢҒАН ӨРЕНДЕР

БЕЙСЕНБІ.

— Көлігімнің терезесінен домбыра асыңған бір топ баланы көрдім. Үйірге бара жатқан болар. Өздері көңілді. Өлденені қызу әңгімелеп барады. Арасынан өзге ұлттың балаларын да байқадым. Ішім жылып қалды.

Таксиді көбіне-көп жас балалы отбасылар шақырады. Қарап отырмай: — Қане, балалар, өлең айтыңдар! Сонда мына машина жылдам жүреді де, баратын жерімізге тез жетіп аламыз, — деймін. Байқағным, орыстың балалары қазақ, орыс, ағылшын тілінде де шырқап ала жөнеледі және ата-анасымен қосылып айтады. Ал қазақтың балалары «Қазақ болып тумағанда не етер ем»-ді әуелетіп әкетеді. Айналайындар, кішкентай жүректері Отан деп соғып тұр ғой! Елдің болашағы осындай өрендердің қолында!

«КЕШІРІҢІЗ, ТӘТЕ, КЕШІРІҢІЗ...»

ЖҰМА.

— «Өжет» ықшамауданында тапсырыс түскен. Төрт бала отырды. Навигатордың көрсеткен жолымен жүре бастағаным сол еді, балалар:

— Өй, тәте, навигаторға сенбей-ақ қойыңыз. Жолды өзіміз айтып отырамыз, — деді.

Содан жол бойы үш бала үш жерден түсіп қалды да, соңғы бала:

— Тәте, енді навигатор көрсеткен мекенжайға жүре беріңіз, — деді де, өзі телефонынан уағыз тыңдай бастады.

— Балам, не тыңдап отырсың? — дедім.

— Құранның сүрелерін тыңдап отырмын.

— Сонда ол сүрелер не дейді?

— Біз күнә жасамауымыз керек. Күнә жасасақ, о дүниеде тозаққа барамыз. Ал жұмаққа бару үшін...

— Әу, балам, тұра тұр. Сендер таксиге отырған кезде навигатор діндеген жерге 11 минутта жетесіз деп тұрған, сосын үш мекенжай емес, бір ғана соңғы мекенжай көрсетілген болатын. Ал сендер «жолды өзіміз айтамыз» дедіңдер де, үшеуін үш адреске апарып, енді сені соңғы адреске апара жатырмын. Небәрі 500 теңгеге. Уақыт 20 минуттан асып бара жатыр. (Сөз арасында анасының жасын сұрап алғанмын). Мен сенің анаңнан үлкенмін. Сонда дәл қазір сендер аналарыңдай кісіні алдап соқтыңдар ғой. Қандай «күнә» туралы айтып отырсың,

балам? Сен қазір үйіңе барып анаңның көзіне қалай қарамақсың? Бұл жерде нағыз мұсылмандық жасап отырған мен. «Түн болып қалды, қызымдай балалар екен, үйлеріне жеткізіп тастайын» деп үнсіз келе жатырмын. Әлде мені ерігіп жүрген біреу деп отырсыңдар ма? Үйдегі ағаларыңның аяғы ауырады, көп жүре алмайды. Бір отбасын асырап отырмын. Төрт құбылам түгел болса, үйде дәмді тамағымды пісіріп, теледидарды қосып қойып, отбасының ортасында, теледидардан қалаған хабарымды көріп диванда жатпаймын ба?

— Кешіріңіз, тәте, кешіріңіз... — деумен болды бозбала.

Мен бұлайша ашуланбас едім, әлгі бала «өй, тәте, біз күнде осылай жүреміз» дегені. Сонда осылай күнде таксистерді алдап жүрген болды ғой.

ҚАЙЫРЫМДЫ АДАМ

СЕНБІ.

— «Яндекте» Өзбекстан мен Тәжікстаннан келіп нәпақа тауып жүрген жүргізушілер бар. Алматылықтар Кеңсайдан жоғары кететін «Широкая щель» деген жақты біледі. Асфальты жоқ құм-тас, кедір-бұдырлы бір-аяқ жолмен тіп-тік өр тауға қарай шығасын. Тоқтауға болмайды. Токтасаң, менікіндей механикамен жүретін машиналар инерциямен артқа қарай кетіп қалуы мүмкін. Жексенбіде топырақ пен тасқа «буксовать» етіп жарты жолда тоқтап қалдым. Жылдамдыққа салайын десем, көлігім артқа кетіп бара жатыр. Тежегішті басып отырған едім, артқы жақта тағы «яндекс-такси» келе жатыр екен. Жүргізушінің ұлты — тәжік. Жыларман боп отырған түрімді көріп:

— Сен түс. Мен көлігіңді анау биіктен өткізіп беремін. Әрі қарай өзің кете бересің. Ал мен жаяу түсіп, машинама келемін, — деді. Солай жасады да. Өте мейрімді жан екен. Жұмысына ақы да алған жоқ. Жолын болсын деп кете барды. Өмірде ұлтына да, дініне де бөлінбейтін қайырымды адам өте көп.

Кеш қарайды. Өзім де үйге асықпын. Бірақ көлігімдегі клиенттеріме:

— Үйлеріңе дейін 100 м бар деп тұр навигатор, жеткізіп тастайын да? — десем, үш ер-азамат бірауыздан:

— Жоқ, тәте, рахмет, өзіміз жетіп аламыз. Сіз де үйіңізге қайтыңыз. Қалада қауіпті! — деді қамқорлықпен.

Жалпы, маған жаман адамдар кездескен емес. Ниетіме қарай шығар ол да.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

КЕЙІПКЕР
ән-күйді жақсы көреді

Кұлайна Оразбекқызы кәсіпкерлік жұмысын Алматының «Самал» ықшамауданындағы үлкен сауда үйінде 5 кв.м жерді жалға алып бастаған-ды. Сондағы сататыны — қазақтың дәстүрлі ән-күйлері. Қаланың ең қымбат, әбден орыстанып кеткен ауданында мұндай жұмысты жүргізу өте қиын еді. Бірнеше ай кіріссіз, тек аренданы төлеп жұмыс істеді. Дегенмен, «Самал» қазақтың көп зиялысы тұратын аудан ғой. Көбіне-көп зейнеттегі қариялар келіп, сөредегі кілен қазақтың дискілерін көріп, қазақ қызының жұмысына риза болып батасын беріп кететін. Бір күні елге танымал тұлға — Өмірзақ Айтбаев ағамыз келіпті.

— Айналайын, қарындасым, Алматының төрінде ән-күйімізді жарқыратып қойысың, жұмысыңа сәттілік! — деп, бірнеше дискісін сатып алып, тағы біраз дүниеге тапсырыс беріп кеткені бар екен. Сол күннен бастап Кұлайнаның жұмысы жүре бастапты.

Иә, оның жаны шығармашылыққа жақын. Өнерді бағалай білетін қасиеті марқұм әкесі — Қазақстанның оңтүстігіндегі Жиделібайсын күй мектебінің көрнекті өкілі, күйші, жыршы, сазгер, акын, айтыскер акын Оразбек Сәрсенұлынан дарыса керек. Артында өшпестей із қалдырған әке мұрасын жинап, теріп, таспалатып жарыққа шығарып жүрген де 9 баланың кенжесі — осы Кұлайна. Өзінің де домбырада күй ойнап, гитара шертетін өнері бар.

СЫЙЛАСЫП ЖҮРЕЙІК,
АҒАЙЫН!

ЖЕКСЕНБІ.

— Өткен жексенбіде көлігіме екі жігіт отырды. Межелі жерге жеткенде олар қолма-қол ақша төледі. Оған қайыратын майдам, яғни 1000 теңгем болмай, «карточкаңызға жіберейін» дегем.

— Сізде «наличный» болу керек. Менде карточка жоқ, неге «наличный» алып жүрмейсіз?! — деп дүңк-дүңк ете сөйлегені жанымға батты. Сосын амалсыздан қасындағы баланың әкесінің карточкасына жібердім сдчасын. Сөйтіп, олар «сдчасы жоқ, анау-мынау» деген желеумен рейтингімді түсіріп тастатты. Яғни тапсырыстар аз болады, болған күнде де өте төмен бағамен жүресің. Мысалы, сол күні бір жолаушыны 4 шақырым жерге 650 теңгеге жеткіздім. Одан 22% алып тастаңыз. Солай.

Алматыда 2 млн халық бар делік. Қалада жүретін әр 5-ші машина — такси. Яғни қазіргі кезде халықтың басым көпшілігі таксимен нәпақа тауып, күн көріп жүр. Тариф өте төмен. Бензин қымбат. Арасында ақшасы жетпей қалатын клиенттер кездеседі. «Жарайды. Үйіңізге жетіп алыңыз!», — дейсің ондайда. Біреулері «қазір карточкаңызға жібереміз» деп сол күйі төлемей жетеді. Өмір ғой дейсің де қоясың. Ал такси болу оңай кәсіп емес. Аяғыма қатты салмақ түседі. Екі күн жүрсем, бір күн қозғала алмай жатамын.

«Яндекс» апта сайын қорытынды шығарып отырады. Шамамен 100 мыңдай таксистің арасынан оза шауып, кейде «Бұл аптада сіз ең мықты «үштіктің» қатарыңдасыз! Осы бетіңізден қайтпаңыз! Біз сізді мақтан тұтамыз!» дегенде кәдімгідей марқайып қаласың. Осы екі ауыз сөз-ақ мерейінді көтеріп, аяқ-қолың қақсап, қозғалуға мұршаң келмей жатса да, әрі қарай тағы да қанағаттанып, жұмыс істегің келіп тұрады. Сенімін ақтағың келеді. Бүгінгі жексенбіні жақсы түйіндедім.

Таксист болмай тұрғанда, жолда бір машина кедергі жасап не өзі жүрмей, не жол бермей тұрғанда арттағылар үсті-үстіне бипілдетіп, ашуланып, бұлқан-талқан болып, неше түрлі былапыт сөздермен сыбап жататынының талай куәсі болғам. Қазір таксист болғалы сол «кебінді» өзім де талай кидім. Өйткені, интернет нашар ма, кейде навигатор жолды бірден көрсетпей, ақырын, баяу көрсетеді. Жолаушы тар жолда, ыңғайсыз жерде тұрса тіптен қиын. Өзірге тоқтап, оны күтіп, отырғызамын дегенше арттағы көліктерге кедергі боласың. Сондықтан жолда сыйласып жүрейік, ағайын!



БАЙҚАУ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«МАРҒҰЛАН ОҚУЛАРЫ»



Досбол
АТАЖАН

Алматыда ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тарих факультетімен бірлесе отырып, дәстүрлі «Марғұлан оқулары – 2022» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді. Конференция Қазақстанның ғылым саласы қызметкерлерінің күніне орай ұйымдастырылды.



Конференция аясында «Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеудегі археология мен генетика мәлімет-

терін интеграциялау мәселелері» атты тақырыпта «Дөңгелек үстел» өтті. Онда археолог мамандар мен генетиктер бірлескен зерттеулердің өзекті мәселелері, ынтымақтастық бағыттарын, генетикалық зерттеулердің қазіргі жағдайы мен республикадағы даму перспективалары талқыланды. Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты ЖОО-ның жаңа құрылымын, жас маман даярлаудағы жоспарын, ел археологтарын біріктерін жобаның концепциясын таныстырды.

Сондай-ақ, конференция жұмысына еліміздің жетекші ғалымдары және АҚШ, Әзербайжан, Бельгия, Италия, Қырғызстан, Ұлыбритания, Өзбекстан мен Ресей ғалымдары тікелей әрі қашықтықтан қатысты. Шара барысында 100-ден астам баяндама тыңдалып, 2021 жылы Қазақстан аумағы мен көршілес мемлекеттерде жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижелері көрсетіліп талқыланды. Әр саланың жетекші ғалымдары ашқан жаңалықтары және зерттеу тәжірибелерімен бөлісті. Оның ішінде конференция жұмысы тас дәуірінің зерттеулері, орта ғасыр кезеңіндегі қала мен дала деректері, далалық зерттеулердің жаңа технологиялар мен заманауи құжаттау тәсілдері бағыттары бойынша жүзеге асырылды.

– «Марғұлан оқулары» – жылда өтетін дәстүрлі ғылыми-тәжірибелік конференция. Іс-шара мақсаты – Қазақстан археологтарының басын қосу және алыс-жақын шетелден келген ғалымдармен тәжірибе, пікір алмасу. Сонымен қатар, онда отандық археологтар өткен жылы істеген жұмыстарының нәтижесімен және ғылыми жаңалықтарымен бөлісті, – деді, Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші маманы Әсем Қасенова.

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

ҰЛТ МЕРЕЙІ

1967 жылдың аяғында елімізді көптен күттірген қаулы жарық көрді.

«Қазақ Совет Энциклопедиясының» Бас редакторы болып М.Қаратаев, орынбасары болып Әбен Сатыбалдиев, жауапты хатшы болып Рахманқұл Бердібаев, Қ.Әбілқанов тағайындалды. Сол мезетте Ғабит Мүсірепов пен Сәбит Мұқанов: «Енді біз энциклопедиясы бар елге айналдық», – деп қуанған еді.

Бас редакцияның 130 адамнан тұратын аппараты құрылды. Мен энциклопедияға 1968 жылы тамыз айында қызметке алындым. Ол кезде сөзтізбе жасалып жатыр екен. Әмбебап энциклопедияның 1-томы 1972 жылы жарық көрді. Жыл сайын екі томнан шығып отырған бұл басылымның соңғы 12-томы 1978 жылы оқырман қолына тиді. Бұған қоса, «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы» атты энциклопедиялық анықтама (қазақ, орыс тілінде) шықты. Бір томдық «Алфавиттік пән-есім көрсеткіші» шықты. Сөйтіп, 1982 жылы 15 томдық тұңғыш әмбебап энциклопедияны шығару ойдағыдай аяқталды. Кейін Қазақ КСР қысқаша 4 томдық энциклопедиясы (орысша, қазақша) жарық көрді.


«Қазақ энциклопедиясы» ұжымының қалыптасып, аяғынан тік тұрып, Қазақстандағы жетекші баспалардың біріне айналуына алғашқы басшылары М.Қаратаев (1967–1979), М.Қозыбаев (1979–1986), Р.Нұрғалиев (1986–1996), Ә.Нысанбаев (1997–2003), Б.Аяған (2003 ж.), Б.Жақып еңбек сіңірді. Қазіргі басшысы, философия докторы Ж.Тойбаева да алдыңғы ағалар дәстүрін жалғастырып келеді. Ш.Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай 5 томдық шығармалар жинағын басып шығарды. «Шаңырақ», тілшар – ағылшын-орыс-қазақ тілі бойынша аударма кітап, «Ислам», «Айқап», 1941–1945 жылдары Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлер туралы «Боздақтар» (Көкшетау облысы) 2 том (қазақша-орысша). Мен «Боздақтардың» Алматы облысы, Жамбыл, Қаскелең аудандары бойынша шығарылған 1-томына қатыстым. «Шаңырақ», «Айқап», «Ислам», «Боздақтар» жинағының жарық көруіне аға редактор Ораз Жиреншиннің еңбегі зор.

Жалпы, Қазақ энциклопедиясынан шыққан кітаптар өте көп. «Алматы» энциклопедиясы, «Қарағанды», «Ол кім, бұл не?», «Ақ отау», «Негеш», философиялық сөздік, «Абай» энциклопедиясы, «Қазақ энциклопедиясы» жинақтары бүкіл Еуропа елдері кітапханалары сөресінен орын алды. 1997 жылы зейнеткерлік демалысқа шықтым.

1997 жылдан бастап «Жаңа Қазақстан» ұлттық энциклопедиясын шығару қолға алынды. «Қазақ энциклопедиясы» жинақтары бүкіл Еуропа елдері кітапханаларының сөресінен орын алды. Осы іргелі ұжымда бірнеше академик, профессор, кандидат, ақын-жазушылармен қызметтес, қаламдас болғанымды мақтан етемін. Бұл өмірден озған әріптестеріме «жатқан жерлерің жарық, топырақтарың торқа болсын» дегім келеді. Қазақ энциклопедиясының алар асуы әлі де алда. Бұдан да биік белестерге жетіп, халық игілігіне қызмет ете берсін демекпін.

Мараткүл НҰРҒАЛИҚЫЗЫ,
энциклопедияшы-зейнеткер.

DIMASHNEWS



Димаш Құдайберген Прагада жеке концертін өткізді



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Димаш Құдайбергенді әлемнің 15-тен астам елінен келген тыңдармандары Чехия астанасы Прагада күтіп алды. Қарсы алушылардың қарасы көп болғаны соншалық, әншіге көліктің үстінде отырып қолтаңба беруге тура келді.

Жанкүйерлердің басым көпшілігі Финляндия, Бразилия, Ресей, Румыния, сынды елдерден келген. Олар «Типспорт» аренасының маңына жиналған. Тыңдармандар сүйікті әншісінің әнін бірлесе орындап, Димашты аса қуанышпен қарсы алды. Ал өнер иесінің чехиялық тыңдармандары болса өздерінің ұлттық костюмін киіп, қолына дәстүрлі нан-тұзын алып, әнші мен ата-анасына сый-құрмет көрсеткен. Сондай-ақ, олар әншіге жергілікті шеберлердің ұлттық чех стилінде қолдан жасаған сыйлықтарын табыс еткен.

DimashNews редакциясына берген сұхбатында әнші көптен күткен жеке концертті жайлы айтып берді. «Аппау» эстафетасын Прага жанкүйерлері ерекше ықыласпен қабылдады.

DimashAlі шығармашылық орталығының жетекшісі Қанат Айтбаев 2 жылдан кейін концерттік атмосфераға оралу және концерттерге дайындық қалай өткенін әңгімеледі.

«Димаштың көрермендерімен, шығармашылығының жанкүйерлерімен, сондай-ақ әртүрлі елдердегі әріптестерімізбен кездескенімізге қуаныштымыз. Біз бір ұжымбыз және әрқайсымыз үшін ерекше бағдарламамен үлкен қуанышпен жұмыс жасаймыз. Эмоция өте көп және оның бәрі өте жағымды, өйткені концерттер – әрқашан жассылық пен бірлікке шақыратын құрал», – дейді ол.

Концерт бір үлкен отбасының кездесуі сияқты өтті. Димаш өз энергиясын көрермендерімен жомарттықпен бөлісті, көп импровизация жасады, әзілдеді, жанкүйерлерді әндерді бірлесіп орындауға тартты.

«Happy Birthday to you» капелласын орындап, сахнаға шыққан Dear-ды туған күнімен құттықтады.

Алғаш рет көрермендер әнді қазақ тілінде шырқап, әртіс пен музыканттарды таңқалдырды.

«Өздеріңіз білетіндей, 2020 жылы басталған коронавирус инфекциясының пандемиясына байланысты біз турды тоқтата тұруға мәжбүр болдық. Әрине, біз үшін оны қайта жалғастыру – үлкен бақыт. Атмосфера таныс, ерекше. Сондықтан барлық Dears-қа маған көрсеткен сүйіспеншілігі мен қолдауы үшін алғыс айтқым келеді», – дейді ол.

КИНО ӘЛЕМІ

Көрерменге жол тартады

«Қазақфильм» киностудиясы мәлім еткендей, Голливуд фильмдерінің орнына сәуір айынан бастап кинотеатрлар прокатына қандай фильмдер ұсынатыны белгілі болды.

Дәрежан Әмірбаевтың «Ақын» атты жаңа фильмі шектеулі прокатқа шығарылды. Бұған дейін аталмыш картина Токиода өткен беделді халықаралық кинофестивальде «Үздік режиссер» номинациясы бойынша жүлдегер атанған болатын.

Қазіргі уақытта киностудияда «Біздің сүйікті дәрігер 2» фильмі түсіріліп жатыр. Айта кетейік, бұл туындының атауы «Бізге дәрігер керек» болып өзгертілді. Жақын уақытта қазақстандық көрермендер үшін Ақан Сатаевтың «Ұлы дала таңы» блокбастерінің премьерасы өтеді. Жоба бұрын «Қасым хан» деген атпен танымал болған. «Бұл біздің еліміздің тарихындағы басты тұлғалардың бірі – Қасым хан туралы ауқымды хикая. Аты аңызға айналған билеуші XV-XVI ғасырлар аралығында қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен символдың біріне айналды. Дәл осы уақыт аралығы көбіне Қасым ханның арқасында біздің мемлекеттілігіміз бен ұлы қазақ даласының гүлдену кезеңі саналады. Көптен күткен жоба 12 мамырда жарыққа шығады», – деді «Қазақфильм» АҚ өкілі Кәрім Қадырбаев.

Сонымен қатар, киностудияда алдағы уақытта болатын ұлттық кино орталығының питчингіне дайындық жүріп жатыр.

Осы жобаға қатысу үшін «Қазақфильм» креативті идеясы бар жас, талантты авторларды бірлесе еңбек етуге шақырады. «Қазақфильм» еліміздің жалғыз мемлекеттік киностудиясы ретінде кинематографистер мен көрермендердің кейінгі буыны алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, бірлескен жобаларды жүзеге асыруда жас режиссерлар мен сценаристерге толық көмек көрсетуге дайын», – деді спикер.

Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Екі буын жүздесті

Алмалы әкімдігі жанындағы Ардагерлер кеңесінің өкілдері мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасының мамандары 1-курс студенттерінің қатысуымен Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай «Ұлт ұстазы» атты «Дөңгелек үстел» өткізді.

Жоғары оқу орны Ардагерлер ұйымының төрайымы Руда Зайкенқызы жиналған қауымды іс-шараның мақсатымен және жастарды аға буын өкілдерімен таныстырды. Алғысөз сөйлеген Алмалы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жақсылық Әмірханов жаңа Қазақстанды жасайтын жаңа ұрпақ екенін, ол үшін олардың білімді болуы керектігін тілге тиек етті.

Одан әрі университеттің Стратегиялық даму және әлеуметтік жұмыс жөніндегі ректоры Жанар Қасымбекқызы, ғалым Асылы Осман, ардагер-педагог Дәмелі Нұғыман-

қызы, профессор Әділхан Нұрғалиұлы, тарих ғылымының кандидаты, доцент Гүлнұр Жексеғұлқызы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен еңбектері туралы айта келіп, болашақ педагогтарға тәлім-тәрбиелік бағыттағы ойларын ортаға салды.

Ал жастар өз кезегінде Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерін оқыды. Терме айтып, күй ойнап, басқосудың әрін кіргізді.

Кеш соңында аға буын мен жас буын естелік суретке түсті. Меймандарға Гүлзия Пірәлиеваның «Қазақтың ғалым қыздары» кітабы сыйға тартылды.

КОЛЛЕДЖ-СТУДЕНТ-КӘСІПОРЫН

Тапсырыс бойынша маман даярланады



Досбол
АТАЖАН

Қазақстандық колледждерде кәсіпорындардың мақсатты тапсырысы бойынша мамандар даярланады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі кәсіпорындардың сұранысы бойынша кадрларды мақсатты оқытуды енгізіп жатыр. Мұндай мемлекеттік тапсырыстың артықшылығы бар. Яғни студент колледжді бітіргеннен кейін тапсырыс берушінің кәсіпорнына жұмысқа орналасады. Биыл кәсіпорындардың мақсатты тапсырысы бойынша 10 мыңнан астам талапкерді қамту жоспарланып отыр.

«Мұндай ынтымақтастық білім беру бағдарламаларын жаңартуға және еңбек нарығының сұранысына сай кадрларды даярлауға мүмкіндік береді. Яғни белгілі бір мамандарға өтінім беру арқылы кәсіпорын өз өндірісіне сай дайындалған кадрларды алуға мүмкіндігі болады. Кәсіпорын колледж-студент-кәсіпорын үшжақты келісім-шартына отырғаннан кейін оқуын аяқтаған студентті жұмысқа орналастыруға міндетті болатынын айта кетейін», – деп атап өтті ҚР БҒМ Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры Насымжан Оспанова.

Айта кеткен жөн, мұндай ынтымақтастық тек студенттер үшін ғана емес, сондай-ақ мұғалімдер үшін де тиімді. Өйткені, келісім-шарт жасалғаннан кейін педагогтар серіктес кәсіпорын базасында тағылымдамадан өте алады. Оқу нәтижесі бойынша кәсіпорын студенттерден қорытынды емтихан қабылдайды.

Сонымен қатар, ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін де нысаналы тапсырыс беріледі. Оларға мамандықтар тізімі бөлініп, түлектердің оқу мүмкіндіктеріне сәйкес жеке, бейімдеу бағдарламалары әзірленеді.

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

Ертегілер әлемі



Рая
ЕСКЕНДІР

Балалар жылы аясында Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімі мекемелері арасында байқау өткізілді. Байқауға Алматы қаласындағы 37 мектепке дейінгі мекеме, 118 педагог, 334 бүлдіршін қатысты.



Суретті түсірген Самат Құсайынов

Аталмыш байқаудың басты мақсаты – бүлдіршіндердің бойына ертегі желісі бойынша шығармашылық белсенділік дамытып, коммуникативті, креативті қасиеттер қалыптастыру. Сонымен қатар, байқау мектеп жасына дейінгі балалардың театр өнеріне деген қызығушылықтарын арттыруға бағытталған. Тағы бір тиімді тұсы – мектепке дейінгі білім беру жүйесінде шығармашылық педагогтарды анықтайды.

Бұл жолы байқау онлайн форматта өтті. Байқаудың ережесіне сай мектепке дейінгі ұйым педагогтары мен тәрбиеленушілері театр номинациялары бойынша өз өнерлерін көрсетті. Мәселен, Маскалар театры: «Қасқыр мен жеті лак» ертегісі, Фланелеграф театры: «Қолғап» ертегісі, Көлеңке театры: «Қызыл телпек» ертегісі, бойшаң құыршақтар: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін сахналап, үздік өнер көрсеткен мекемелер бағалы сыйлықтармен марапатталды. Байқау қорытындысы әлеуметтік желілерде жарияланды.

БАЙҚАУ



«Балабақша аруы – 2022»

Түрксіб ауданы әкімшілігі №149 бөбекжай ұжымымен бірлесіп «Балабақша аруы–2022» байқауын өткізді. Байқауға осы ұжымда қызмет ететін тәрбиешілер, әдіскер мен кіші қызметкерлер қатысты.

Түрксіб аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлмира Жәнібекқызы мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің айрықша еңбегіне тоқталып өтті.

– Ата-аналар өздерінің ең асылын сіздерге сеніп тапсырып отырғандықтан, өз міндеттеріңізбен қоса, қоғамдық жұмысқа да уақыт тауып отырсыздар. Сондықтан мұндай іс-шаралардың да қажеттілігін ескергеніміз жөн, – деп өз ойын білдірді. Байқау барысында қатысушылар «Тегін білу тектілік», «Қыз

еркем – кестесімен көркем», «Зерделінің ойы анық», «Өнерлі өрге жүзер», «Халқын сүйген салтын сүйер», «Қыздарға әсемдік жарасады» деп аталатын шарттарды орындады. Өз саласының білікті мамандары, өнерден де құралақан емес екендіктерін танытты.

Әділқазылар алқасының шешімімен ең көп ұпай жинаған Перизат Арынова байқаудың бас жүлдесіне ие болып, «Балабақша аруы–2022» атанды. Бірінші орынды Минира Мамытова, екінші орынды Айжан Ахметова жеңіп алса, үшінші орынға Назимгүл Шарафутдинова мен Динара Иманбекова лайық деп танылды. Барлық жеңімпаздарға өз салаларына қажетті сыйлықтар табыс етілді. Түрксіб аудандық «Ұстаз» кәсіподағының төрайымы Бижамал Бакторазова балабақша ұжымын құттықтап, арнайы сыйлық табыстады.

БАҒДАРЛАМА

БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

Биылғы жылы еліміздің 70 мыңнан астам педагогы жаңа білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтетін болды.

Бұл мақсатқа Алматы қаласының да мектеп педагогтары жұмылдырылып отыр. Сонымен қатар, биылғы жылы Мемлекет

басшысының тапсырмасына орай, Маңғыстау, Атырау, Алматы және Түркістан облыстарында мектеп оқушыларының білім сапасын арттыру мақсатында осы өңірлерге педагогтарды тарту үшін арнайы бағдарлама іске асырылады. Оларға айтарлықтай әлеуметтік қолдау көрсетіледі (жоғары жалақы коэффициенті, баспана жалдау мен коммуналдық төлемдер шығындарын өтеу). Бұл шаралар аталған аймақтарда білім беру сапасы бойынша үлкен алшақтықты азайтуға бағытталып, мұғалім мәртебесінің мерейін арттыруға ықпалын тигізеді деп күтілуде.

Дайындаған
Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

Суретті түсірген Самат Құсайынов





МӘСЕЛЕ

АДАМНЫҢ БАЛАСЫ БОЛ!

Ұлттық тәрбие – өмір өзегі

Ертеректе ата-бабаларымыз «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деп өнегелі өсиет еткен. Олар Ұлы даланың қарыс қадам жерін білектің күші, найзаның ұшымен қорғап, бізге мирас етіп қалдырды.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қазақ «Отан – отбасынан басталады» деп бекер айтпаса керек. Қазақ өзінің әр баласына сынай қараған. Осының нәтижесінде Тұран даланы ат тұяғымен дүбірлеткен ата-бабаларымыз отбасы тәрбиесіне ерекше ықыласпен көңіл бөлгенін тарихтан білеміз. Бастауын ғұн мен сақтан, түркі мен кыпшақтан алатын біздің тарихымыз ерлермен жасалып құрыштай құйылып, біртұтас ел болып ғұмыр кешкен. Алтын асықтай ерлеріміздің арқасында Алтайдан Батыс Еуропаға дейін, мына шегі Үнді-Қытай түбегі Мысыр, бәрі де біздің бабаларымыздың жүріп билік еткен жерлері. Біз бір ғана тарихтың бөлігін айта кетуді жөн санадық. Себебі, тарихқа бармай бүгінгіні айту әбестік болар. Қазақ халқының ғасырлар бойы ер-азаматым аман болсын, «Ер – елдің қорғаны» деп бекер айтпаса керек.

Қазақтың бала тәрбиелеу ұғымы ерекше

Жаугершілік заман ер-азаматардың бірінен кейін бірі ұрысқа кетіп, кейбір үйдің түтіні сол күйі тұтанбады. Сондықтан да болар, он үште отау иесі деп, ер баланы отаудың егесі санаған. Әкесі мен ағалары майданда от пен оқтың ортасынан аман келер бәлкім, сонда жүріп елі үшін шейіт болар, бірақ артына бас қылып ер баланы қалдырып отырған екен. Қазақтың бала тәрбиелеу ұғымы да ерекше. Үлкенді сыйлау, ер адамның алдын кеспеу, барлығы бұрыннан келе жатқан қазақы тәрбиенің арқасы. «Әке тұрып ұл сөйлегеннен, үлкен тұрып кіші сөйлегеннен без» деп бекер айтпаса керек-ті.

Он үш жасында отауға еге болған ұл өсе келе аттың жалында ойнап, тақымы бекіп жар іздеп, жауға шауып ел жұрттан алшақ кетіп, өз бетінше қам қылып, түбі әкешешенің ақ батасын алып, үлкен өмірге қадам басқан. Дәл осы ізгі жолды өзінен кейінгілерге үлгі-өнеге етіп үйрете білген. Керек болса, шаршы топта қамықпай долаға кіріп, елді аузына қаратқан шешен билер, ақын-жыршылар барлығы біздің топырақтың түлегі демекпін. Әкені құрмет тұтқан, үлкенді сыйлаған, үлкендері де осы құрметке лайық бола білген. Халқымыз ер адамдарды құрметтеп, қадіріне жете білген. Ер адамның бауырмалдығы туралы да айта кетуді жөн санадық.

Кешірімді болу – кеңшілдіктің белгісі

Бұрынғы өткен заманда бір елдің патшасы мен уәзірі болыпты. Ағасы патша, інісі уәзір болған көрінеді. Екеуі бір-біріне бауырмал, ісі мен сөзі үнемі бір жерден

шығып, елі айрандай ұйып отырады. Күндердің күні өтіп, араларында әйелдерінің әсерінен дау шығып, бір-бірімен қатынасын үзеді. Ағасы жиын істесе інісі қатыспайды, інісі жиналыс қылса ағасы келмейді. Оқиғаның артын күттірмей, бірде інісі хан ордасына елші жіберіп кешірім сұрасын деп айтып жібереді. Бұны естіген ағасы ашуланып, елшіні қуып жібереді.

Екінші мәрте келгенінде: – Енді келер болсаң, сен елшінің басын қамалдың басына іліп қоямын деумен қайтарады. Бар жайтты інісіне елші баян етеді. Сонда, інісі елшінің қолына бір ауыз сөз жазылған хатты беріп: – Үн-түн деместен патша қолына ұстат дейді. Хатты оқыған хан еріксіз көңілі босап, есік алдында тұрған інісін құшақтап кешірім сұрайды. Ол хатта «кімде-кім бірінші болып кешірім сұраса, соның табаны жұмакка бірінші тиеді» деген екен.

Ал бүгінде қазақ қызының қадірі қаншалықты өз деңгейінде. Бұрынғы аналарымыздың ақ жаулығының қасиетіне жетіп жүрміз бе? Қызды қырық үйден тию, қыз баланы болашақ ана деп әспеттеп, оны оң босағада ұстау, бәрі келешек бір елдің ханым болады деген ниетпен жасалатын ырым-тыйымдар болса керек. Халқымыз, әсіресе, әйел адамды үйдің ұйытқысы есебінде көріп, әр шанырақтың шайқалмай, мызғымай берік тұруына ықпал болады деп есептеген.

Сананы тұрмыс билейді

Жаңа сөз басында бұрынғылар жайлы сөз қозғап үнемі ұйытқы, бірлік сақтаушы оттың егесі, аяулы ана деп әспеттеп, жік-жікке бөліп қарастырдық. Енді өздеріңіз ойлаңыздаршы, осы күнгілер, сол бұрынғылардың ізімен жүріп, ауасын жұтпаса да, кейбір мұсылман халықтары іспетті өз дәстүр-салтын сақтап, ұрпақ ізгілігі жолында барынша жанын салып жүр ме?

Иә, қазір бізде мынадай бір

жеңіл сылтау шыққан. Барлығын күнделікті күнкөріске жаба саламыз. Ол әрине, «сананы тұрмыс билейді» деген ұғымның аясындағы ой. Дұрыс-ақ, ақша таппасақ аш қалатынымыз бар, сонда біз күндіз-түні әжетімізді өтеу үшін жұмыс істейміз бе, әлде қалай? Ол уақытта да жаугершілік заман болған, соғыста шейіт кеткен ер-азаматарынан айырылып қара жамылса да, отбасының түтінін өшірмей, түзу шығуына, балаларына бас болуға өмір бақи еңбек жасайтын.

Қазақ қашанда ұрпақ тәрбиесіне ерекше назар салып қараған. Бұрынғы билер айтқан екен, «Қарағайдың қырық бұтағы болса да, біреуі ғана саптаяқ, қалғаны итаяқ болады» депті.

Данышпан Абай айтпақшы, «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады». Бүгінде баланы ең әуелі ақыл мен ғылымға, жақсы мен жаманды білуге үйретіп өсірудеміз бе? Олар ақылды, бәрін өздері біледі, өз-өзіне жағдай жасай алады дейді. Егер, сіз ағаш егіп, оны қараусыз қалдырып, жан-жағын қопсытпай, түбіне су құймай өсірсеңіз, ол бей-берекет қисық болып, жеміс салмайтын, айнала-сына арам шөп қаптаған, түбінде мәуелі бәйтерекке айналмасы хақ деп ұлт зиялылары дабыл қақса да, баяғы жартас сол жартас қалпында. Бүгінде біз балаларымызды барынша ақылды, жұрттан озған білгір етіп өсіруге талпынудамыз. Түрлі физика-математикалық, арифметикалық, компьютерлік техникаға бейім етудеміз. Ағылшын, француз, қисыны қиын қытай, жапон иероглифтеріне де үйретіп жатырмыз. Бизнес пен айналыс қаржыны күреп тап, сонда ғана сені бәрі сыйлайтын болады, тек өзін жетіл, тек өзін көптің алдына шығуды көксе деп қоямыз. Хош! Солай болсын-ақ.

Дегенмен де, бұрынғы тәрбие бойынша балам ешуақытта біреудің ала жібін аттама, өтірік, өсекке құмартушы болма, оң көзің сол көзіңе қарауыл болсын, үлкенді сыйла, кішіге ізет еткін дейтін тәрбие қайда қалды. Қыз бала болса, қыздың болашақ ана екенін ескерту, ақ босағаны адал аттау, тіпті бей-берекет, жөн-жосықсыз күлмеу сынды қағидаларды құлағына сіңіріп өсірген. Бойжеткеннің өз үйіне қонақ екенін де ұмыттырмай үнемі есіне салып отырған. Абыройына нұқсан келмес үшін де қыз бала ата-анасының қадірін кетірмеуді ойлаған. Ұлт зиялысы А.Байтұрсынұлы айтқандай, «Баланды ұлша тәрбиелесен – ұл, құлша тәрбиелесен – құл болмақшы». Бүгінде біз жоғарыда айтқанымыздай, отбасы, одан ұлт, бергін келе ел бұзылмасын десеңіз, бұрынғы қазақы тәрбиені қайта балалардың санасына құя берген жөн. Бұрында бір пенде жас күнінде, «мен әлемді өзгертемін» депті, одан түк шықпапты, онан кейін «мен қоғамды өзгертемін» дейді, өмірінің соңында ол өзінің отбасының өзгеріп бара жатқанын байқайды. Соңында ой келіп, «е-е-е, мен ең әуелі өзімді өзгертуім керек екен ғой» депті.

ТҮЙІН:

Біз тізгінді осы жерден тарттық. Түпкі ойымыз – әркім өз функциясын дұрыс атқарса, бәрі оңды болады демекпіз. Ата-ана өзінің перзентіне адал, иманды бал деп тәрбие етсе, бала келешекте тіпті он жерден жетесі нашар деген күннің өзінде, ақыры әке-шешенің дұрыс айтқанын түбі ұғар. Әр халықтың өзіне тән менталитеті, тәлім-тәрбиесі бар болса, біздің ұлтымыздың да алтын діңгекті түп-қазығы бар. Заман қазір бәркін анда да, мұнда да лақтырып тұр, дегенмен бұл да өткініш. Ендеше, өткінішіден өкінішке бой алдырмай аман-есен өту үшін бізге бала тәрбиесінде ұлттық код керек, ағайын.

КЕРЕК КЕҢЕС

Қазіргі таңда нәзік жанды аруларымыз бет күтіміне ерекше көңіл бөлетіні айдан анық. Әрине, әдемі, көрікті, жас әрі тартымды болып жүруді кім болса да қалайды емес пе? Мына дамыған заманда бет күтіміне арналған түрлі-түрлі маскалар өте көп. Бірақ біз үй жағдайында өз қолыңызбен жасайтын әрі теріңізге еш зияны тимейтін, табиғи таза маскалар жайында айтпақпыз. Мұндай үй жағдайында жасалған маскаларды тіпті косметолог мамандардың өздері қолдайды. Осы маскалардың түрлері өте көп. Соның ішінен ең таңдаулысын назарларыңызға ұсынбақпыз. Ескере кететін жағдай, мұндай маскалармен жоғары деңгейдегі күтімге қол жеткізгіңіз келсе, теріңіздің қандай (құрғақ, майлы, сезімтал, т.б.) түріне жататынын біліп алғаныңыз жөн. Соған қарай масканың түрін де дұрыс таңдай аласыз.

БЕТІҢІЗ ӘРЛІ БОЛСЫН ДЕСЕҢІЗ....

Сәбіз бен шалқан маскасы:

Бұл маска бетіңізді жас әрі таза етеді. Сәбіз А дәруменіне бай, ал шалқан жақсы тазартатын зат болып табылады. Пісірілген сәбіз бен шалқанды әбден ұнтақтап, қоймалжың болғанша араластырамыз. Бетке 10–15 минут қоя тұрыңыз, сосын сүтпен жуып тастайсыз.

Теріңіз құрғақ болса:



1. Үгітілген алмаға 1 ас қасық ірімшік, сүт немесе қаймақ қосып жақсылап араластырады. Осы қоспаға теріңіз құрғақ болса өсімдік майын, қаймақ қосып, бетке 15–20 минут ұстайды. Соңынан салқын сумен жуады. Теріңіз құрғақ болмаса алғашқы қоспалардың өзін ғана қолданасыз.

2. Алманың қоймалжыңына 1 шай қасық бал, 1 ас қасық ұсақталған сұлы дәндерін қосып, бәрін араластырып аласыз. Бетіңізде 15 мин ұстап, жылы сумен жуып тастайсыз. Бұл әлсіз, жұқарған бетке пайдалы.

3. Пісірілген алма қоймалжыңына бірнеше зәйтүн майын (оливковое масло) тамызады, оған 1 шай қасық бал қосып араластырады. Бетіңізде 15–20 минут ұстап, жылы сумен жуамыз. Бұл маска терінің ерте қартаюына қарсы пайдаланылады.

Жұмыртқаның әсері:



1. Ескере кететіні – үй жұмыртқасын қолдану керек. Бір жұмыртқаның ағын алып әбден былғап бетке жағасыз, 10–20 минут қалдырып, салқын сумен жуады. Маска терінің әжімдерін жазып, жиырады.

2. Жұмыртқаның сарысын, 1 ас қасық сыра ашытқысын, 1 ас қасық күнбағыс майын қосып әбден араластырып бетке жағып, 15 минут қалдырамыз. Сосын сүтпен шайып тастаңыз.

Жұмсақ болсын десеңіз:



1. 1-2 ас қасық ерітілген балды 1 жұмыртқаның сарысымен және 3 ас қасық сұйық маймен жақсылап араластырып, бетіңізге бірнеше қабат қылып жағыңыз. 15 минут ұстап, жылы сумен жуып тастаңыз. Бұл маска әсіресе құрғақ теріге өте пайдалы. Бетті жақсы ылғалдандырады.

2. Бетіңізді жұмсақ әрі нәрлі болсын десеңіз, сүт немесе айранды балмен араластырып бетіңізге жағыңыз. Біраз уақыт өткенде жуыңыз.

3. Бұл маска, әсіресе, көктемде өте пайдалы: 1 ас қасық сұйық балды бір алмамен (үккіштің ұсақ тісінен өткен) әбден араластырып аласыз. Екеуін блендермен езсеңіз, тіптен керемет болады. Бетіңізге 15 минутқа қалдырыңыз.

Картоп шырыны:



1. 1 ас қасық картоп шырынын 1 ас қасық фуллерлі топырақпен араластырып бетке жағу керек.

Картоп С дәруменіне бай әрі теріні түрлі дақтардан тазартады. Фуллерлі топырақ кір мен майды сорып алады.

Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.



МАРАФОН

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Осы жексенбіде, бесінші Алматы жартылай марафоны өтті. Таңғы сағат 8-де Тұңғыш Президент саябағында сөре белгісі берілді. 5500-ге жуық әуесқой спортшы қала көшелерімен Орталық стадиондағы мәреге қарай жүгірді.

Сөреде барлық қатысушыларды Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев құттықтады. Жарыстың бас дәрігері Оразбек Сахов, бас серіктес – Onlinebank өкілі Дәурен Сартаев және жарыс директоры Салтанат Қазыбаева тілек сөздерін айтты.

Таңғы сағат 8-де сөреден бірінші болып 10 шақырымға қатысушылар мен скандинавиялық жүріс өкілдері шықты. 8.32-де мәреге осы қашықтықтың жеңімпазы Денис Степаненко келді. Әйелдер арасында 10 шақырымда алғашқы болған – Екатерина Грицай.

Сағат 8.20-да жартылай марафоншылар – әуесқой спортшылар, эстафета қатысушылары, сондай-ақ кәсіпқой жеңіл атлеттер, жартылай марафоннан (21,1 км) Қазақстан чемпионатының қатысушылары сөреге шықты.

Жартылай марафоншылардың арасынан мәре сызығына бірінші болып жеткен халықаралық деңгейдегі жеңіл атлетикалық спорт шебері Ринас Ахмедеев болды. Оның мәре уақыты – 1 сағат 5 минут және 11 секунд, және де бұл көрсеткіш Алматы жартылай марафоны жол бағытының абсолюттік рекорды.

1:06:57 нәтижесімен жүгіріп келген Келманов Рақымжан Қазақстан Республикасы Чемпионы атағына ие болды.

Әйелдердің арасынан мәреге бірінші

болып жеткен Талдықорған қаласынан Мадина Керимова болды. Сондай-ақ ол 1 сағат 18 минут 52 секунд уақытымен жартылай марафоннан Қазақстан Республикасы Чемпионы атанды.

Эстафета командаларының арасында JRun жүгіру мектебінің командасы жеңіске жетті.

– Бүгінгі жарыс – бұқаралық спортты дамытудағы үлкен қадам. Әуесқой спортшылар, Қазақстан чемпиондарымен және басқа елдерден келген атлеттермен қатар, ең мықты атағына бақ сынау мүмкіндігіне ие болды. Сөреге барлығы әлемнің 28 елінен, атап айтқанда, ТМД елдерінен келген спортшылар шықты, – деді «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының директоры және жарысты ұйымдастырушы Салтанат Қазыбаева. – Біздің мақсатымыз – спортты барынша көп адамға қолжетімді және тартымды ету. Спорт – бүгінде сәнді хобби немесе қандай да бір ерекшелік емес, бұл – қажеттілік. Оқиғалар жылдам өзгеріп, келеңсіз жаңалықтар көбейіп жатқан кәзіргі әлемде салыққандылық сақтап, сергек болу маңызды. Бұл тұрғыда спорт – таптырмас көмекші.

21 шақырымда абсолюттік есептегі жеңімпаздар ақшалай жүлде қорын өзара бөлісті: 1-орынға – 450 000 теңге, 2-орынға – 400 000 теңге, 3-орынға – 350 000 теңге. Жас санаттары бойынша (10 км және 21,1 км), сондай-ақ экиден эстафетасындағы жеңімпаздар серіктестерден сыйлықтар алды.

дың бірнеше дүркін чемпионы және жүлдегері «Арлан» командасын жеңді, есеп – 3:1. Ойын басталмай тұрып құрамында кәсіби футболшылары бар қарсылас команда басым көрінгенімен, барынша қорғанып ойнаған «Ақпарат» ойыншылары өз қайсарлығы мен шеберлігінің арқасында жеңіске жете алды.



жеңіліп жатқан еді, алайда 3:5 есептен кейін төрт геймді қатар алып, кезектен тыс жеңіске қол жеткізді.

Еске салсақ, Анжелик Кербер әлемдік рейтингте былтыр бірінші орынды алған теннисші еді. Демек, қазақстандық спортшы әлемнің экс-номер бірінші ракет ойыншысын жеңіп отыр. Елена Рыбакина қазір әлемнің 19-ракеткасы.

ЕРЕЖЕСІЗ ЖЕКПЕ-ЖЕК

Қазақ тумысынан текті халық. Намыс жолында қан кешіп, жан алуға бар. Қарсы келгенді сұлатып, достық танытқанды құшақ жаятын қасиеті тағы кездеседі. Бұл атаның қанымен келетін, ерге біткен ұлы құндылық.

Аталған қастерлі қасиет әрбіріміздің қанымызда ұшырасатыны айқын. Осындай дара тұлғалық сырт жақтағы қандастарымыздың бойында да ұшырасады. Сондай жанның бірі – Орынбор өлкесінің тумасы Дамир Исмағұлов.



БІЗДІҢ БАТЫР

ҚАНҒА БІТКЕН ҚАСИЕТ

Ол орда бұзар 30 жастан асты. Орынбор өлкесінің 1 май ауданында туып-өсті. Отбасы қалаға көшті. Жас күнінде футболшы болуға құмартты. Жеңіл атлетикамен айналысты. Бірақ оған атпен серуендеген жанына жақын еді. Мұнысы тегінде бар қасиетке тартып туғандығы деп түсінеміз. Мектепті

тәмамдаған соң Орынбор университетінің дене тәрбиесі бөліміне оқуға түсті. Бұл жер батырымыздың тынысын ашуға бір табан жақындатты. Студент кезінде жекпе-жек өнерінің әртүрлі түрлерімен айналысып, жалпыға бірдей жекпе-жекпен және армиялық қоян-қолтық ұрыста спорт шеберінің нормативтерін орындады.

ЖЕТІСТІК ЖОЛЫ

Әр жетістік еңбекпен келеді. Ол анық дүние. Бірақ көбіміз мұның ішкі жағына қарай үңіле бермейміз. Сол себепті, қандасымыздың жеткен жетістіктері туралы бірнеше ойларды ортаға саламыз.

Оғланымыз жалпы 23 жекпе-жегің жеңіспен аяқтады.

- 2011 жылдан бастап ММА бойынша әуесқойлар деңгейінде өнер көрсетті, 3 жылдан кейін Ресей кубогын жеңіп алғаннан кейін аралас жекпе-жекпен спорт шебері атағын алды.
- 2014 жылдың қазан айында Орынборда өткен «Алтын скиф» турнирінде қарсыласын бірінші раундта техникалық нокаутпен жеңген.
- 2015 жылдан бастап ол ресейлік ірі M-1 Global промоушнының жауынгері болды, онда ол барлығын қосқанда он жеңіске жетіп, бір жеңіліске ұшырады.
- 2017 жылдың мамыр айында ол Максим Дивичті техникалық нокаутпен жеңгеннен кейін жеңіл салмақтағы бос M-1 титулын жеңіп алды. Одан кейін Рауль Тугарули мен Артём Дамковский сынды жауынгерлерді жеңіп, алған чемпиондық белбеуін екі рет қорғады.
- 2021 жылы 22 мамырда Лас-Вегаста (Невада, АҚШ) өткізіп, бразилиялық Рафаэль Алвесті ұтты.

ҚАРСЫЛАС АНЫҚТАЛДЫ

Көршілес Ресейдің атынан өнер көрсететін қазақстандық аралас жекпе-жек спортшысы Дамир Исмағұлов UFC-дегі кезекті қарсыласы кім екені белгілі болды.

Ол 2 жыл бойы октагонға шықпаған грузин спортшысы Гурам Кутателадзеге қарсы жұдырықтасады.

Айта кетейік, қандасымыз өзге елдің атынан өнер көрсетсе де, тарихи отанынан жырақтаған емес. Біздің балуандарымызбен тығыз қарым-қатынаста екенін байқаймыз. Ережесіз жекпе-жек аренасында сәтті өнер көрсетіп келе жатқан бірден-бір талант. Спорт сарапшылары Оның жылдамдығы мен шаршы алаңдағы ептілігі, соккысының дәлдігі жоғары дәрежеде деп бағалауда.



Ұлттық намыс

Батыр Бауыржан Момышұлы атамыз «Ердің туы – намыс» депті. Тауып айтылған тәмсіл.

Шынында да, осындай алмағайып заманда, ер мінезге тән қайратқа ие болу оңай шаруа емес. Ол үшін тектілік керек сияқты. Өзінің туған елінде жүрсе де, осы бір рухани биікке көбісі өрлей алмайды.

Бауырымыз Данияр нағыз ер-жігіт. Тарихи отанынан алшақ жүрсе де, Қазақстанның көк байрағын байрақты бәсекелерде нығынан тастамауда. Мұнысын өзінің түп тамыры ата-қонысына деген адалдық деп білеміз. Әйтпесе, ресейліктер атынан ережесіз жекпе-жекте өнер көрсетіп жүргелі қашан. Десе де, қанға біткен қасиеттен танбады. Өзінің қандас бауырлары Арман Оспанов, Қуат Хамитов сынды шаршы алаң шеберлерімен араластық, сыйластықтан тайған емес. Елімізде ұдайы қонақ болып та жүр. Аталған қасиеттерді саралай келе, оған тек жетістік пен сәттілік тілейміз.

P.S.:

Қазақ халқында «Ер туған жеріне» деген сөз бар. Туран дала талай дарынды ұлдар мен баһадүрлерді дүниеге әкелді. Олар жарты әлемді жаулады, әділдікпен билеп төстеді. Оның дәлелі Мысыр елін билеген күллі араб түбегіне мәшһүр мәмлүк Сұлтан Бейбарыс еді. Атағынан ат үркетін Еділ патшаның жөні бір бөлек. Ел жадындағы аңыздар бойынша даңқын тастап, туған жердің жусанының исін іздеп, оралыпты. Осындай алып бәйтеректер ғұмыр кешкен Ұлы даланың киелі қасиетін, биік рухын UFS шебері Данияр Исмағұловтың тұла бойынан көре аламыз. Алар асуы алда болсын демекпіз.

Бетті дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ФУТБОЛ

«АҚПАРАТ» – ҮЗДІК ҰЖЫМ

Ардагерлер арасындағы қала чемпионатында (58+) «Almaty aqshamy» – «Вечерний Almaty» ұжымының атынан өнер көрсететін команда бес ойында қатарынан жеңіп келеді.

«Ақпарат» командасы әзірге ешбір ойында ұпай жоғалтпады. Айта кеткен жөн, чемпионатта мұндай жетістікке жеткен өзге ұжым жоқ. Сондай-ақ, журналистер командасы өз қақпасына барлық ойында тек 3 доп жіберіп, тағы бір көрсеткіште көш бастап тұр. Соңғы ойында біздің ұжымның ойыншылары соңғы жарыстар-

ТЕННИС

РЫБАКИНА ОЗЫП ТҰР

Қазақстандық теннисші Елена Рыбакина ел астанасында өткен ойында кезекті іріктеуден жеңімпаз атанып, Билли Джин Кинг кубогының финалдық кезеңіне өтті.

Қазақстанның ең мықты ракет ойыншысы Е.Рыбакина кезекті іріктеуде неміс командасының лидері Анжелик Кербермен кездесіп, тамаша өнер көрсетті. Қарсыласымен үш сет ойнап, біріншісін 6:4 есебімен, екіншісін 6:3 есебімен, үшінші партияны 7:5 есебімен басым түсті.

Теннисшілер екі сағат бойы ойнады. Соңғы сеттен қазақстандық теннисші



ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті аудан тұрғындары!

2022 жылғы 28 сәуірде, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 174 мекенжайдағы «Алматы сән және дизайн колледжінде» КМҚК Алмалы ауданының әкімі Е.І.Сейтеновтің халықпен кездесуі өтеді.

Жиынға қалалық басқарма өкілдері, қала мәслихатының депутаттары, прокуратура, Ішкі істер органдарының қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толған-дырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер: Whatsapp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimat_almaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімінің, қалалық басқарма өкілдері және мәслихат депутаттарының жеке қабылдауы өткізіледі.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 8 айға – 4804 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 8 айға – 12964 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 8 айға – 3524 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

КЕРЕК ДЕРЕК

ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ

Алматыда «кезекші» ХҚКО-лар жұмыс істейді

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалының фронт-офистерінің жұмыс кестесі дүйсенбі – жұма күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін.

Алайда, жұмыс істейтін қала тұрғындары қызмет алуға үлгермейміз деп шағымданып жатады.

Қызмет алушылардың талап-тілегіне орай Алматы қаласында «кезекші ХҚКО» жұмыс істейтін болды. Сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін аралықта қызмет алып үлгермеген азаматтар, Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 221 мекенжайында орналасқан Алмалы аудандық ХҚКО-ға жүгіне алады. Құжаттандырудан басқа барлық қызметтер сағат 20.00-ге дейін көрсетіледі.

Ал автокөлік иелері үшін Түркісіб ауданы, Құлжа тасжолы, 9 шақырымдағы «Керуен» тойханасы ғимаратында орналасқан Халыққа қызмет көрсету бойынша мамандандырылған №5 бөлімі 2 сағатқа ұзағырақ жұмыс істейді.

Мемлекеттік қызметтердің 90 пайызын электронды түрде алуға болатынын естеріңізге саламыз.

САУАЛ – СІЗДЕН, ЖАУАП – БІЗДЕН

ХҚКО КЕҢЕС БЕРЕДІ...

Біз «ХҚКО кеңес береді» айдарын жалғастырамыз. Жиі қойылатын сұрақтарға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалы баспасөз қызметінің басшысы Жаңыл Амантайқызы ӘПЕТОВА жауап береді. Бүгін әлеуметтік тақырыптарға баса назар аудардық.

1. Қазақстанда түрлі құжаттарды рәсімдеу қны қалай өзгереді?

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3063 теңгеге ұлғайды. Құжаттарды дайындау кезінде төленуі тиіс мемлекеттік баж мөлшері дәл осы көрсеткішке тікелей байланысты.

Айлық есептік көрсеткіш жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдерді, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтарды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да төлемдерді есептеу үшін қолданылады.

Паспорт алу үшін мемлекеттік баж 8 АЕК немесе 24 504 теңгені құрайды. Жеке куәлікті алу үшін 0,2 АЕК немесе 613 теңге төлеу қажет. Жүргізуші куәлігін алу үшін мемлекеттік баж 1,25 АЕК немесе 3828 теңгені құрайды. Қазақстанда туу туралы куәлікті алу үшін ақы төлеудің қажеті жоқ – ол тегін беріледі, бірақ акт жазбасын өзгерту, толықтыру, түзету және қалпына келтіру кезінде 0,5 АЕК, яғни 1532 теңге енгізу қажет. Некені тіркеу жас жұбайларға 1 АЕК немесе 3063 теңге тұрады. Ал неке туралы куәлікті қайта беру – 0,5 АЕК – 1532 теңге. Ажырасуға өтініш берген кезде мемлекеттік баж – 2 АЕК немесе 6126 теңгеге тең болады.

Жалақының ең төменгі мөлшері 60 000 теңгені құрайды. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 19 450 теңге. Зейнетақының ең төменгі мөлшері – 46 302 теңге. Базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 36 018 теңге.

2. Мүмкіндігі шектеулі жандар жеңілдікті шарттармен қандай құжаттарды ала алады?

Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ақылы қызмет алуға жеңілдіктер қарастырылған. Бұл, мысалы, туу туралы куәлікті, жеке куәлікті, паспортты қайта алуға қатысты.

Мемлекеттік корпорация немесе «Электрондық үкімет» порталы арқылы қазір 646 қызмет

алуға болады. Ақпарат аясы кең болғандықтан, мүгедектер үшін барлық қызметтерді алу туралы мәліметтерді ұсыну өте қиын. Оған қоса, барлық позициялар бойынша мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жеңілдіктер қарастырылмағанын да ескеру керек.

Ең оңтайлы нұсқа: ХҚКО-ға жүгінген кезде операторға өзінің мүгедектік тобы туралы дереу хабарлау және одан сізге нақты, қажетті қызметке берілетін жеңілдіктерге қатысты Сізге кеңес беруін сұрау.

Сонымен қатар, I және II топтағы мүгедектер үйде қызмет көрсетуге құқылы. Ол үшін 1414 бірыңғай call-орталығына қоңырау шалып, онда тиісті өтінім қалдыру керек. Айтпақшы, мұны мүгедектігі бар адамға көмектесетін туыстары немесе әлеуметтік қызметкер де жасай алады.

3. Бала туғанда берілетін жәрдемақыны Каспі және Нәлік арқылы рәсімдеуге бола ма?

Қазақстанда екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы бала туғанда берілетін жәрдемақыны және бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлемді рәсімдеуге болады. Мемлекеттік қызметтерді банктердің мобильді қосымшалары арқылы алу қолайлығы жеке ЭЦҚ-кілттерді пайдалану және қосымша ақпаратты енгізу қажеттілігінің жоқтығынан болып отыр.

Жәрдемақыны рәсімдеу үшін осы банктердің бірінің қосымшасының мемлекеттік қызметтер бөлімінде қажетті қызметті таңдап, дербес деректерді өңдеуге келісіміңізді растаңыз. Сіздің өтініміңіз мақұлдандан кезде, сіз тағайындалған төлемнің нәтижесі мен сомасы туралы хабарлама аласыз, әрине, егер бағдарламада ақаулық болмаса, бірақ егер бұл орын алса, сіз 1414 тегін нөміріне қоңырау шалып, құжаттарды рәсімдеуге көмектесу үшін жағдайды түсіндіруіңіз керек.

4. Болашақ ананың мемлекеттік төлемдерді рәсімдеуі қалай жүреді?

Әйел адам үшін ана болудан асқан бақыт жоқ шығар. Босанар алдындағы машақаттардан бөлек, мемлекет төлемдерін рәсімдеу жағын да ойластыру керек.

Пайдалы ақпаратпен бөлісе отырып, біз өмірлеріңізді жеңілдетпекпіз.

Кірісінен айырылу жағдайындағы төленетін әлеуметтік төлем болашақ ананың жұмысқа жарамсыз күндерін, орташа айлық кірісін және зейнетақы төлемінің тиісті көлемін ала отырып есептеледі.

Бұл төлемді рәсімдеуге ХҚКО-ға келесі құжаттар қажет:

– Жеке басын куәландыратын құжат;

– Банк шоты жайлы мәлімет;

– Жұмысқа жарамсыздық парағы;

– Егер болашақ ана жеке кәсіпкер болса, кәсіптің мемлекеттік тіркеуі туралы куәліктің көшірмесі.

Құжаттарды тіркелген мекенжайына қарасты ХҚКО-ға, еңбекке жарамсыздық парағын алған сәттен бастап 1 жыл ішінде өткізуге болады. Құжаттар толық тапсырылған соң 8 жұмыс күні ішінде төлемдердің тағайындалғаны жайлы SMS-хабарлама келеді.

5. Бала тууына байланысты берілетін төлемдерді тұрғылықты тіркеу орнынан тыс рәсімдеуге бола ма?

Баланың туылуына және бір жасқа толғанына дейінгі күтіміне байланысты төленетін жәрдемақыны рәсімдегісі келетін қазақстандықтар енді тұрғылықты жеріне қарамастан, еліміздің кез келген ХҚКО-ға жүгіне алады. Бұрын тұрақты тіркеудің болуы және тіркелген жері бойынша ХҚКО-ға жүгіну – әлеуметтік төлемдерді рәсімдеудің басты талаптарының бірі болған.

Экстерриториалды қағидат тұрғылықты тіркеу орнына тәуелді болмай, клиенттерімізге қозғалыс еркіндігін береді. Оның арқасында қазақстандықтар баланың тууына және оның күтіміне байланысты жәрдемақыны, тіркелген мекенжайына қарамастан, елдің кез келген ХҚКО-да бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді рәсімдей алады.

Әзірлеген Динара МҰРАТ.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДҮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almaty.aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Динара МҰРАТ

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



КЕРЕК ДЕРЕК

Құрманың пайдасы



Құрманың денсаулыққа пайдасы зор. Ас қорыту, жүрек-тамыр жүйесін және ми жұмысын жақсартады. Бұл жайында медицина ғылымының докторы және диетолог Синтия Сасс Health порталына берген сұхбатында айтып өтеді.

Маманның пікірі бойынша, құрманың құрамында көптеген дәрумен (кальций, темір, магний, калий, мырыш, марганец) және табиғи антиоксиданттар бар. Олар қабынуға қарсы қасиетке ие және жұқпалы аурулармен күресуге көмектеседі.

«Күніне 3 құрма жеген пайдалы. Асқазан-ішек жолдарының қалыпты жұмыс істеуіне зор себеп болады», – дейді Синтия Сасс.

Көптеген халықтарда құрма қасиетті тағам саналады. Жоғарыда маман айта кеткендей, бұл жемістің екі-үш данасының өзі ағзаға өте пайдалы. Күніне үш құрма жеп қана ағзаны қажетті микроэлементтермен қамтамасыз етуге болады. Дәрігерлер тіпті тәтті әрі зиянды кәмпиттерді құрмамен алмастыруға кеңес береді.

Құрма – адамның асқа деген тәбетін жақсартып, жұмысқа деген қабілетін жақсартады. Жүрек ауруы түрлерінің алдын алады, холестеринді, қандағы қантты реттейді. Сонымен қатар, Альцгеймер ауруы бар адамдар үшін пайдалы.

Құрма көздің көру қабілетін жақсартады (тіпті сәбіден де пайдалы). Себебі, құрамында А дәруменінің мөлшері көп. Егер өзіңізді сергек әрі қуатты сезінгіңіз келсе, құрма жеп тұрған дұрыс.

БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨНІ!

Садху терапиясы

Садху тақтасы – адамның ішкі жағдайының жақсаруына, эмоциясы арқылы өкпе-реніштен арылуына көмектесетін шеге тізілген ағаш тақтайша. Процестен соң өз эмоциясын бөлісіп, әлеуметтік желіге жүктейтін жандар жетерлік. Алғаш көргенде «қауіпті емес пе?» деген сұрақ ойға келеді.



Шеге терапиясы – 100% көмектесетін құрал Жәнібек Мақши: Шеге терапиясы психологиялық, рухани және физикалық жағынан өте пайдалы. Қазір көптеген адам қиналып, депрессияға, стресске ұшырап жүр. Қазақтың сөзінен мысал ететін болсақ, «сыртғы бүтін, ішкі бүтін». Жетістікке жеткің келсе, ішкі жағдайың өте маңызды. Қазақ менталитеті керемет, бірақ көп дүниені іште сақтағанды жөн санайды. Осылайша қарызға батады, ажырасады, ауырады. Эмоцияны шығару керек. Ал оған шеге терапиясы көмектеседі. Іштегі өкінішті, уайымды сейілтіп, өмірге көзқарасты өзгертеді.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Тәтті сусындар қатерлі ісікке әкеледі



Қатерлі ісік – ағзаның бүкіл бөлігін, дене мүшелерін жаулап алатын дертті жасуша, емдеуге қиын аурудың түрі. Ал оған шалдықпаудың бірден-бір жолы – дұрыс тамақтану.

Өсіресе, пайдалы, құнарлы тағамдарды жеп, зияндыларынан бас тартудың маңызы зор. Ал ғалымдардың айтуынша, зиянды тағамдардың қатарына тәтті сусын да жатады.

Мәселен, Мельбурн университеті мен Катерлі ісіктен қорғау жөніндегі Виктория кеңесінің мамандары бірігіп жүргізген зерттеуде тәтті сусынның қатерлі ісіктің пайда болуына себепші болатыны айтылған.

«Зерттеу жұмысында тәтті сусындардың омырау обыры мен жалпы қатерлі ісіктердің пайда болуына әкелетіні белгілі болды. Тәтті сусын дегеніміз – құрамында 5 пайыздық қанты бар сусындарды айтып отырмыз. Оған тәтті заттар, қант қосылған сусындармен бірге табиғи жеміс шырындары да жатады. 100 пайыздық таза, табиғи жеміс шырыны да кейбір сәтте зиян болуы ықтимал. Еуропа елдерінде тәтті сусын көп ішіледі. Катерлі ісіктің алдын алу мақсатында тәтті сусынды ішуді доғару профилактикасын қолдану қажет», – делінген зерттеуде.

Тәтті сусын адамға артық салмақ қосуға, бауыр мен ұйқы безіне, өт қабы мен ана безінің қабынуына әкеледі.

«Семіздікке шалдықпаған адамның өзі тәтті сусынға әуестенсе, обырға әкелуі мүмкін. Ал тәтті сусын іштегендердің обырға шалдығу қатері әлдеқайда аз», – деп түсіндіреді доцент, онкологиялық кеңестің маманы Эллисон Ходж.

Дайындаған Айжан БҮРКІТБАЕВА.

ЖҮЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

(19 – 25 сәуір)

ТОКТЫ (21.03 – 20.04)

Алдағы аптада аздаған қиындықтарға тап боласыз. Өсіресе, қызмет барысында. Бірнеше нұсқалардың ішінен таңдау жасау қажеттілігі туады. Өте сақ болыңыз. Демалыс күндеріне үлкен жоспарлар құрмағаныңыз абзал. Үйдегі ұсақ-түйек шаруалармен айналыссаңыз, солардың өзі ерекше ләззат пен жан тыныштығын сыйлай алады.

ТОРПАҚ (21.04 – 21.05)

Осы аптада жеке өмірде де жанжалды жағдайлар орын алуы ықтимал. Бұл жұмада сіз өте эмоционалдысыз. Сондықтан өзіңізді сабырға шақырып, ақыл қоса алатын достармен тығыз байланыста болыңыз.

ЕГІЗДЕР (22.05 – 21.06)

Жылжымайтын мүлікке қатысты мәселелерді шешуге ең оңтайлы уақыт. Құжаттарға қол қою, келіссөз орнату қажет болса, батыл түрде қолға алуыңызға болады. Жеке өміріңіз жағымды сәттер мен романтикалық әсерлерге толы болмақ. Бұл күндері жақындармен бірге сапарға шықсаңыз, өкінбейсіз. Демалыс күндері денсаулығыңызға мән беріп, спортқа ден қойыңыз.

ШАЯНДАР (22.06 – 22.07)

Апта бойында барынша белсендісіз, бұл жақсы. Иссапарға шығу ұсынысы түссе, қуана келісіңіз. Қаржы мәселесі аздап қинауы мүмкін. Ірі көлемдегі қаражат қажеттілігі туындап, оны қайдан табамын деп бас қатырасыз. Дегенмен, көп уайымға берілмей, мұның барлығы уақытша екенін есте ұстаңыз.

АРЫСТАН (23.07 – 21.08)

Өз шамаңызға күмән келтіріп, бойыңызды сенімсіздік билейтін күндер күтіп тұр. Бір жағдайлар мазаңызды алып, сарыуайымға салады. Онымен жалғыз күресіп жеңе алмауыңыз мүмкін. Дос-туыстарыңыздан кеңес пен көмек сұраудан қысылмаңыз.

Демалыс күндері үй шаруасымен айналысып, тазалық жұмыстарын жүргізсеңіз, айналамен бірге ойыңыз да тазарып қалады.

БИКЕШ (22.08 – 23.09)

Келер жетінің барлық күнін іс-әрекетпен, белсенді қимылмен өткізесіз. Сондықтан іш пыстырмайтын апта болғалы тұр. Жыл сайынғы еңбек демалысында болсаңыз, табиғат аясына серуендеуді жиілетіңіз. Немесе ауылға, саяжайға барыңыз. Апта соңы сіз жоспарлағандай болмайды. Тосын жағдайлардың әсерінен жоспарыңыз күрт өзгеруі мүмкін.

ТАРАЗЫ (24.09 – 23.10)

Әдетте, кез келген қадамыңызды алдын ала есептеп, жағдайды жіті бақылай аласыз. Бірақ осы жолы қандай да бір ұсақ детальдан қате жіберген секілдісіз. Себебі, бәрі сіз жоспарлағандай болмай, басқа арнаға түсіп кету мүмкін. Әрине, сіздің мұндай «тосын сыйларды» жақсы көрмейтініңіз белгілі. Десе де, сабырлылық танытып, әліптің артын бағуға кеңес береміз.

САРЫШАЯН (24.10 – 22.11)

Өкінішке орай, алдағы апта сізді жағымсыз жағдайлармен сынағалы тұр. Ең жаманы – ұрыс-керістің отбасында орын алу мүмкіндігі басым. Өсіресе, сәрсенбіде аса сақ болыңыз, кез келген сөз не істің арты дау-дамайға ұласып кетуі мүмкін.

МЕРГЕН (23.11 – 21.12.)

Бұл күндері қызмет орнындағы жағдай да қуанта қоймайды. Жасаған еңбегіңіздің ақысын алу қиынға түседі. Салдарынан материалдық жағдайыңыз да мәз болмас. Дегенмен, «Бәрі де уақытша» деген сөзді апта ұранына айналдырып, қажеттіліктер үшін жиған-терген қорыңыздан аздаған қаражат бөлсеңіз, бұл күндерді де «жеңіп шығасыз».

ТАУЕШКІ (22.12 – 20.01)

Денсаулығыңыз сыр беріп, дабыл белгілерін жібереді. Дер кезінде құлақ асып, дәрігерге жүгініңіз. Тынығыңыз, мүмкіндік болса, бірнеше күнді үйде – тыныштық пен жайлылықта өткізіңіз. Бірақ жай қарап жатпаңыз, үйдің қуыс-қуысын түгел тазалаңыз, құжаттар мен қағаздарды реттеңіз. Атқарылған үй шаруасы көңіліңізге қуаныш пен серпіліс сыйлайды.

СУҚҰЙҒЫШ (21.01 – 18.02)

Алдағы күндері өзгелердің айтқанына құлақ аспау, ешкімді тыңдамау, өз дұрыстығыңызды дәлелдеу үшін сөз таластыру сынды әрекеттерге жиі барасыз. Оны табандылық көрсетуге тиіс жерде тиімді пайдалана білсеңіз жақсы. Ал орынсыз қолданып, артық кетсеңіз, соңынан бірнеше мәселе туындатып аласыз.

БАЛЫҚТАР (19.02 – 20.03)

Өмірді өзгертуге аса қолайлы күндер келе жатыр. Осы аптада күмән келтіріп жүрген әрекеттеріңізді доғарыңыз. Ойда жүргендерді жүзеге асыруға үлгеріңіз. Бәрі сәтімен аяқталады.

Әзірлеген Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.